

ҚАРЛЫҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

Қарлықтардың этникалық құрамы

Қарлықтардың ру-тайпалық құрылысы күрделілігімен көзге түседі, Қарлық тайпалық бірлестіктің аты ретінде бірнеше тайпалық буындардан, ал осы әр буынның өзі бірнеше рулардан құралды. XII ғасырдағы қытай деректерінде қарлықтар құрамында үш тайпалық одақ: моула, чисы және ташили кірген. Сол кездің өзінде бұл одақтың ішінде «себек» руының күшеюін Тан империясының дипломаттары байқап, оған арнайы әкімшілік-территориялық бірлік ұйымдастырған.

Қарлықтарда көптеген ру-тайпа болғанын, әсіресе, араб-парсы деректерінен көреміз. Мысалы, әл-Марвази қарлық құрамындағы шігілдерде үш ру бар екенін, ал «Худад ал-аламⁿ Кулан мен Мерке арасындағы бистан, хим, бириш, Керминкетте - лабан, Ыстық көл маңайында жеті қарлық тайпалары тұрғанын хабарлайды,

Неғұрлым топтастырып жүйелей сипаттаған Марвази жазбаларында қарлық тайпалық одағының үш бөлімшесі- жікіл, үшеуі-бескіл, біреуі-бұлақ, біреуі-көкеркін, біреуі- тухси және тағы екі ру: лазана мен фарахиядан тұратыны айтылады.

Жоғарыда келтірген тайпалардың аттары арнайы оқулықтарда келтірілгенімен олардың қазіргі түркі тілдес халықтармен, оның ішінде қазақ елінің этногенезімен байланыстыру мәселесі қиынға түседі. Сондықтан да қолда бар материалдарды, әсіресе, тарихи аңыздар мен эпикалық мұраларды, басқа да қосымша (ономастика, топонимика және т.б.) деректерді пайдалану осы бағыттағы кейбір мәселелерді анықтауға мүмкіндіктер туғызады.

Қарлықтарды саяси-этникалық тұрғыдан қарастырғанда бастауды «Оғызнамадан» алу орынды. Оны түрік халықтарының тек ежелгі фольклорлық мұрасы деп қана қоймай, сонымен қатар, оны тарихи дерек деп те тануымыз қажет. Бұл мұраның сюжеттік желісі мен оқиғалар тізбегі, мифологиялық сарындар мен суреттеу тәсілдері және елдік мекен жұрттар мен атаулары ежелгі ғұндар дәуірін еске түсіреді.

«Оғыз қаған» эпосында көңіл аударарлық бір жәйт, ондағы тарихи реалийлер қарлықтардың ерекше генетикалық белгілері ретінде көрініс береді. Халықтың пайда болуы жөніндегі ежелгі аңыздар мен эпикалық ескерткіштер сюжеттерінің әрбір белгісінде қандай да болсын бір этникалық ұжымның нақтылы өмірінен алынған детальдарында генетикалық негіз бой тасалап тұратыны белгілі. Сондықтан, «Оғызнамада» қарлықтың пайда болуы туралы айтылғанда, онымен бірге үлкен тау мен қалың қардың

міндетті түрде қатысуы, сол халықтың алғашқы этногенездік процестері қарлы, биік таулы өлкеде өткенін мегзейді.

Зерттеуші ғалым Қ.Өмірәлиев: «Оғыз қағанға» қатысты орайда «Оғызнамада» қыпчак, қағарлығ, қалач, қаңғалуғ атауына байланысты аңыз сюжеттің бар болуы, бір топталып келуі және бұл аттар жеке бір кісілерге лақап ат ретінде қойылуы, ал осы қыпчак, қағарлығ, қалач, қаңғалы атауларының XIII ғасыр шежіресі «Оғызнамадағыша» бір топталып, өзінше бір аңыз сюжетте жүруі, XI ғасыр ескерткіші — «Диуану-лұғат-ат-түрктө» бұлардың ішінен қалач атауына қатысты өзге бір аңыз сюжеттің болуы, оның Шу қаған, Зұлқарнайын соғыстары тұсындаш қойылған ат болып «тарихталуы» — осының бөрі, біріншіден, бұл атауларға қатысты аңыз-сюжет ту баста Абулғазы, Рашид ад-дин еңбектері тірек болған. Оғыз шежіресіне де, Махмуд Қашғари тірек еткен Шу қаған жорықтарына да «Оғызнама» эпосына да тәуелсіз өз алдына бөлек туған аңыз-сюжет. Екіншіден, бұл аңыз-сюжет рулардың тайпалық бірлікке бірте-бірте келе бастаған дәуірінде, өте байырғы дәуірде, ежелгі руларда туған»— деп жазады (169, 37-38).

Шынында да «Оғызнамада» көне заманның ескерткіші ден саналып жүрген Орхон-Енисей жазбаларындағы Түрік қағанатына төн оқиғалар желісі де орын алмайды. Ал ол ескерткіште аталатын басты түрік тайпалары «Оғыз қағанда» кейін тайпа, ел басы болып шығатын кісі аты түрінде кездеседі. Ендеше «Оғызнаманы» ежелгі ғұн дәуірінің мұрасы десек қателеспейміз.

Оғыз қағанды қытай жылнамаларындағы ғұндар қағаны Модэ шаньюймен алғаш рет Н.Бичурин сәйкестендірді. Кейінгі кезде бұл бағыт ғылыми әдебиеттерде орын алып келеді. Мұның өзі кездейсоқ емес. Өйткені жылнамалар мен Оғыз қаған туралы шежірені салыстыра келіп, оған М.Қашғаридің деректерін қосқанда бұлардың арасындағы сәйкестікті аңғару онша қиынға түспейді.

«Оғызнамада» — Қара хан — Оғыз ханның әкесі. Әкесі баласын басқа дін қабылдағаны үшін өлтірмекші болады. Мұны біліп қойған Оғыз өз жолдастарын жинап, әкесі Қара ханды жақтағандармен соғысады. Оғыз жеңіске жетіп, Қара хан сол соғыста алған жарақаттан өледі. Ал Оғыз өзінің жақтастары — ағаларымен және олардың балаларымен бірге болғандар: Ұйғыр, Қанды, Қыпчак, Қарлуқ, Қалач, Ағачир... ағаларынан қосылған тайпаларға ұйғыр деп ат береді Өзге тайпалар Қанлы, Қыпчак, Қарлуқ, Қалач, Ағачир, - деп аталады (177,1, 81-85).

Қытай жылнамаларында ғұн қағаны Тұманның Модэ деген мұрагері болған еді. Кейін кіші әйелінен ұл туған соң, қаған Модэні мұрагерліктен айырмақ болып, оны юечжилерге аманатқа жібереді. Модэні өлтіру үшін

әдейі юечжилерге шабуыл жасайды. Алайда Модэ қапысын тауып, жүйрік ат мініп, еліне қайтып оралады. Әкесі оған он мың түтін (үй) бөліп беріп, соларға иелік етсін деп бөлек қояды. Модэ өз жақтастарымен бірге аңда жүрген әкесін әдейілеп жасалған ысқырық оқпен өлтіреді. Әкесінің жақын жақтастарын қырып, өзін қаған етіп жариялайды. Бұдан кейін ол дунхулар мен юечжилерді жеңіп, 26 аймақ - әкімдікті өзіне қосып алады (43а, I, 46-57) .

Шежіре-аңыздар бойынша, оғыз қағанның алты баласынан жиырма төрт ұл тарайды. Қайы, Алқа үйлі, Байат, Қара үйлі, Иазыр, Дудырға, Дүкер, Иайрлы, Авшар, Бекделі, Қырық, Қарқын, Байандур, Жяулдур, Бечене, Чепні, Салур, Ала ойнтылы, Имур, Уркез, Игдір, Бүкдүз, Рашид ад-диннің бұл келтірілген 24 тайпасы XI ғасырдағы М.Қашғаридың атаған 22 тайпамен негізінен сәйкес келеді. Кейбір айырмашылықтар әр түрлі түрік тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты. М.Қашғари жоғарыда келтірілген атауларды Оғыз ұрпағы ретінде қарайды да оларды сол тайпалардың ең ежелгі бабаларының аттары дейді.

Сонымен, Оғыз хан тарих сахнасына шыққанға дейін дәуірде өмір сүрген тайпалар: қаңлы, ұйғыр, қыпшақ, қарлық және ағачир. Бұл туралы Қадырғали би Қосымұлы Жалаирдың «Жамиғ ат тауарих» еңбегінде: *«Оғыздың бағзы аға оғланлары блек бірге ерділер: ұйғыр, қанқалы, қыфчақ, қарлук, қалач, ағачир»*, - делінеді (183, 133).

Солардың ішінен қарлық пен қалаш тайпаларының пайда болуы жөніндегі аңыздардың түрлі нұсқаларын салыстырып қарастырайық. Рашид ад-диннің жылнамасында қарлықтың шығуы туралы: Оғыз өзінің халқымен Гур және Гарчистаннан бұрынғы тұрған мекеніне қайтып келе жатып, жолда үлкен тауға кездеседі, қар қалың түскен, қардың көп түскеніне байланысты бірнеше отбасы қалып қояды, кім болса да қалуға рұқсат болмағандықтан Оғызға бұл ұнамайды, ол айтты: қар жауды деп қалуға бола ма екен? Қалған отбасыларына «қарлық» деген ат қойылып, олар ендігі жерде «қарлық» деп аталып кетті.

Ұйғырша қолжазбасы бойынша:

Оғыз қаған бір Шауқартаң (деген) айғырға мініп жүруші еді. Осы айғырды бек қатты сүйетін еді. Жолда сол айғыр көзден ғайып болды, қашып кетті. (Сол арада) үлкен бір тау бар еді. Ұша-қырқасы тоң және мұз болатын. Оның аты Мұзтау еді. Оғыз қағанның айғыры осы Мұзтаудың ішіне қашып кетті. Оғыз қаған бұған көп уақыт қана шекті. Әскерде бір зор қайратты ер, езі бек кісі бар еді. Анау-мынаудан қорықпайтын еді, қиын жүрісте, боранды шақтпа оңтайлы, икемді ер еді. Осы бек тауға кірді (қарап) жүрді. Тоғыз күннен соң Оғыз қағанға

айғыр атты алып келді. Мұзда да суық, аяз болғаннан ол бек қырауға малынған, аппақ еді.

Оғыз қаған қуана күлді, күліп айтты:

«Ай, сен бектерге бек болған бастық,

Менен саған ат болсын Қазарлық!»- деп айтты. Қымбат бұйым сыйлады (205, 22-42).

Бұл екі нұсқаны салыстыра Келе байқайтын нәрсе, ұйғыр қолжазбасында тарихи негіздің басым болуы, географиялық шындық — «Мұзда да суық», өлеуметтік және саяси-этникалық мәні бар: қағарлықтың бектерге «бек» болуы және «тоғыз» сандық өлшемі- осының бәрі бұл аңыздың деректік тұрғыдан құндылығын көрсетеді.

Қ.Өмірәлиев қағарлықтың бектерге бек болуына ерекше көңіл аударып: *«Осы жерде тарихи деректің ізі бар: Қазарлық ер бек- Қарлықтайпасының жиынтық образы* — дейді (169, 92). Сонымен, бұл сөз тіркестері VIII-X ғасырларда қарлықтардың күшейіп тұрған кезін, яғни Жетісу, Сыр бойы және Шығыс Түркістан оғыздарының ішіндегі саяси тұрғыдан басым тұрған тайпа бірлестігін көрсетеді.

Егерде «Мұзда да суық» қарлықтардың ертеден қоныс қылған Алтайтаулы өлкесін нұсқаса, ал «бектерге бек болу» — оның Жетісуда түргештерді жеңіп, қарлық қағанатын (VIII ғ. ортасы) құруын мегзейді. Тоғыз санының сақталуы да кездейсоқ емес. Бастапқы кезде қарлықтар тоғыз оғыздар құрамында болып, кейін күшейген соң, өз алдына, ел ретінде Жетісуда тұрақталуына байланысты «тоғыз» саны сюжетке енген болуы керек.

Қарлық құрамындағы келесі бір ірі тайпалық бірлестік шігілдер болды. Олар ертедегі түркі руналық жазуларында «чик» деп түсірілген. Мұның өзі, шігілдер қарлықтардың басқа да ру-тайпалары сияқты теле тобына жататынын көрсетеді.

Қытай саяхатшысы Ван Янь-дэ 981 жылы Турфан әмірлігінде болғанда үлкен және кіші чжунь-юнь халықтарын айтады. Мұны П.Пельо және Р.Гамильтон қытай иероглифінен аударғанда «шігіл» деп оқиды.

Шігілдердің Жетісу мен Ыстық көл, Талас өңіріне келулерін, біздіңше ғұн дәуірінен бастау керек. Біздің эрамызға дейінгі 55 жылдан бастап ғұндар екі ордаға: солтүстік және батыс болып бөлінді. Батыс бөлікті солтүстік ғұндарды билеуші Чжичжидің ағасы Хуханье басқарды және Қытай империясымен ымыраға келіп, тәуелді болды. Ал Чжичжи болса, ол ағасының саясатына келіспей, онымен ұзақ күрестен кейін Орхон өзені бойынан кетігі, Шығыс Түркістанда қоныс тепті. Мұнда ол Жетісу мен Енесай қырғыздарың, ал солтүстікте динлинді талқандады. Хуханье мен Қытай арасындағы одақтың күшеюі Чжичжиді қатты ызаландырды. Ол

Қытайдың жіберген елшілерін өлтіртті және қаңлылармен одақтасып, Қытайға жақындасу саясатын ұстаған үйсіндерге қарсы күрес жүргізді. Алайда, Қытай Чжичжи шаньюдің батыс пен Тянь-Шаньда күшеюінен қауіптеніп, біздің эрамыздың 36 жылы оған қарсы жорық ұйымдастырып, талқандады және Чжичжидің өзін өлтірді. Сөйтіп, солтүстік ғұндардың бір бөлігі шығыста, ал екінші бөлігі батыста бөлініп қалды.

Ежелгі ғұндар дәуірінен тарайтын бурят халқында осы жоғарыда келтірілген, Чжичжи мен Хуханье ағайындылардың арасындағы қақтығысты еске түсіретін аңыздар мен эпостық сюжеттер бар. Әрине, ондай сюжеттер көптеген түрік халықтарының эпикалық ескерткіштерінде жиі кездеседі. Алайда ғұн заманына кететін көне тотем-өгізге байланысты сюжет қаймағы бұзыла қоймаған, көне дәстүрді ұстап қалған, буряттарда сақталынған. Орта Азияның «Илиадасы» деп бағаланатын бурят эпосы «Гэсерде» және мифтік аңыздарда ағайынды екеудің: Булагат пен Эхириттің (буряттардың ата-бабасы болып саналатын) өгіз кейпіне еніп, бір-бірімен айқасуы ғұндардың солтүстік және оңтүстікке бөлініп, бір-бірімен соғысуының жаңғырығы іспеттес. Шынында бұл соғыс ғұндар өмірінде болып жатқан ру-тайпалар арасындағы күнделікті ірілі-ұсақты қақтығыстардан мүлдем өзгеше еді. Өйткені ғұндар үшін бұл жоғарыда келтірілген екі жаққа бөлініп соғысу не өмір, не өлім үшін болған еді. Не оңтүстік жеңіп, Қытайға толық тәуелді болып, құрып кету қаупі, не солтүстік басым түсіп, өз тәуелсіздігін сақтап, ел болып қалу жолы ғана тұрды.

Солтүстік ғұндардың батыста Чжичжи басқарған бөлігі Жетісу, Талас, Шығыс Түрікстанда орналасып, жергілікті тұрғындармен араласты. Мұның өзі ғұндардың Қазақстан мен Орта Азия территориясына тұңғыш рет келіп орналасуы еді. Бұл көзқарас француз ғалымы Дегиннің кезінен бастап орын алып, кейін оны бірнеше көрнекті тарихшылар қолдады. А.Н.Бернштам Чжичжи шаньюдан, яғни б.э.д. 55 жылдан бастап «Халықтардың ұлы көші басталды, ал ғұндардың Орта Азия тайпаларымен одақтасуы арқылы күшеюі олардың батысқа қарай одан әрі жылжуын қамтамасыз етті»-деп жазды (36, 1951, 78).

Соңғы уақытта «чжисы» — қарлық тайпасы «шігіл» деген атпен қалпына келтіріліп отыр. Шігіл этнонимі — «арғын», «басмал» және қарлықтағы «қар» түбірі сияқты «кұрама» мағынасын білдіреді.

Махмуд Қашғаридың айтуынша, шігіл үш тайпаның аты. Біріншісі-көшпелілер Куяста тұрады. Екіншісі — Таласқа жақын, ал үшіншісі — Қашғардың тұрғындары. Аңыз бойынша, Махмуд Қашғари оларды Ескендір Зұлқарнайын есімімен байланыстырады.

Онда ұлы қолбасшы әскерімен Арғу қаласына жақындағанда, қатты жаңбыр жауып, жер жүзі лайсаң, батпақ болып кеткен екен. Әскері жүре алмай, әбден ыза болған Е. Зұлқарнай парсыша: *қандай батпақ еді?! («Инчигиль аст»)* - депті(137,1,313).

Кейін осы жерде қала - бекініс салынып, оған Шігіл деген ат қойылған. Сондықтан осында тұрған халықтар шігіл атанған.

Аңызда бір көңіл қоятын нәрсе шігіл атауы Е.Зұлқарнайынның Арғу елі жеріне ішкерілеп еніп келе жатқанда қойылуы. Мұның өзі осы жердегі түріктер Арғу ру-тайпа бірлестігі құрамында екенін көрсетеді. Кейін осы атау сол салынған қала бекініс маңайындағы түріктерге ғана емес, сонымен қатар бүкіл Арғу құрамындағы ру- тайпаларға да таралған болу керек. М.Қашғари шігілдердің Тараз жанындағы тобын сол тайпаның негізгісі дейді. Ал Арғу елі Тараз, Баласағұн және Испиджаб араларына орналасса, онда жоғарыда айтылған шігілдердің басты бөлігі Арғу еліне толығымен кіруі сөзсіз. Сонымен қатар, М.Қашғаридың «қалаш» рулары туралы екінші бір аңызында Е. Зұлқарнайын келген кезде Тараз, Испиджаб және Баласағұн қаларының әлі салынбағандығын айтады. Бұл екі аңызда да М.Қашғари Ескендірдің бір жерге, яғни Таласқа келгенін айтып отыр деуге мүмкіндік бар. Өйткені ол бірінші аңызда да Тараздың қасындағы Шігіл қалашығын айтып отыр. Ал жалпы бұл жерлердің әуелгі орта ғасырда «Арғу-Талас ұлыс» деп аталғаны мәлім. Осы ұлыстағы қалалар мен тайпалар туралы манихейлік діни қолжазбада түркілік жауынгерлер Арғу тайпасының Талас, Қошу, Яқакент, Ордукент және Шігіл қалаларында тұратындығы айтылады .

Этникалық мәселелерді талдағанда түркі тілдес халықтардың таңбалы жазуының мәні зор. Оларды салыстыра отырып, ру-тайпалардың туыстық қатысын қарастыруға болады. Атақты этнограф-ғалым Н.Аристов түркі тілдес халықтар тайпалары мен американдық үндістер ежелгі Азия нәсілінің, шығыс тармағы динлиндерден тарауы мүмкін — деген қорытындыға келген. Осыған сәйкес кіші жүздегі шекті руларының және арғынның таңбаларын салыстырып көрсек, бұлардың ұқсастықтарын көреміз. Арғынның таңбасы «көз» (OO) болса, жоғары шекті сол дөңгелек таңбаның бірінің жоғарғы жағынан, ал төменгі шекті дөңгелектің төменгі жағынан белгі салған. Бұдан шігіл (чеклі) шекті тайпалары әуелде Арғу елімен бірге болып, кейін бөлініп кеткен деген ой келеді.

Сонымен, шігілдер қарлық тайпалық бірлестігінде сан жағынан іргелі тайпалардың бірі болып, кейін қазақ халқының қалыптасу процесінде шектілер болып кірді. Жоғарыда аталған қарлық құрамындағы ірі тайпаның бірі «моула» немесе бұлақ (було). Бұл этноним алғаш рет жазба деректерде VII ғасырдың орта тұсында кездеседі. Ол кезде қарлықтар Алтайды

мекендеген. Рашид ад-дин түркі тайпалары тұрған. Булат аймағы туралы айтады. Өздерінің саяхаты туралы жазған Плато Карпини мен Рубруктың еңбектерінде де бұл аймақтың аты кездеседі.

Алтын Орда дәуірінде Булат аймағы Алтай мен Дешті-Қыпшақта жоғалып, тек аңыздарда сақталады. Мұның себебін моңғол-татар үстемдігі кезінде түркі тайпалары бытырап кеткеннен кейін, ол өзінің аймақ ретінде географиялық мәнін жойып, тек этнонимдік мәні ие болуымен түсіндіруге болады. Қалай дегенмен де қолдағы бар деректер бойынша, Булат аймағының аталуы қарлықтардың орын ауыстыруымен тікелей байланысты болып отырады. Мысалы, қарлықтар Алтайдан оңтүстікке қарай жылжыған уақытта Булат аймағы Бесбалық басқару округіндегі Сайрам көлінің оңтүстік-шығыс жағында орналасты. Ал қарлықтардың Жетісуге орналаса бастауына байланысты (VIII ғ.) Болат тайпасы Іле жазығында мекендеген. Бұл жердегі Қаялық және Алмалық қалалары солардың қолында болған.

Әбілғазы өзінің шежіресінде «Оғызнама» мен «Қорқыт ата кітабына» сүйене отырып, бүкіл оғыз елінде танымал ел басқарған жеті сұлу қызды болғанын келтіреді. Солардың бірі Алп Арслан қызы және Кестан Қара-Алптың жары — Керче-Булад. Бұл жерде қыз атында «Булад» тіркес сөзінің қосарланып келуі көңіл аударарлық жәйт. Ертедегі түрік халықтарында кісі атымен оның руы атының қоса айтылуы жиі кездесетін құбылыс. Сондықтан Керче-Булад «Болат» тайпасынан шығуы ықтимал.

Жоғарыда шігілдер туралы айтқанда Арғу елі еске алынды. Қазірде айтылып жүргендей, бұл ел қазақтың Орта жүзінің үлкен ру бірлестігі Арғынмен сәйкестендіріледі. Ал осы Арғынның өзінің қарлықтардың «Болат» тайпасымен семантикалық сәйкестігі қазақ және Алтай халықтарының ежелгі аңыздарында байқалады.

Бірінші аңыз: Ерте-ерте ертеде бір хан ұлды болады. Ол өзі ала болған екен. Хан масқаралықтан құтылмақшы болып, оны даладағы бір кемпірге асырауға беріп жібереді. Ұл — ержүрек, батыл, әрі ақылы да көркіне сай болып ер жетіпті. Мұны естіген хан өзінің атақ дәрежесіне нұқсан келтірмейтінін біліп, ұлының соңынан алып келуге қарамағында жүз жауынгері бар Үйсін қолбасшыны жібереді. Ханның баласы қайтып келмегені былай тұрсын, Үйсінді әскерімен бірге біржола өз жанында қалдырады. Біржыл өткен соң хан тағы бір жүздікпен Болатты жібереді. Бірақ, ол да хан баласының тұрған жерінің сұлулығы мен байлығына қызығып, қалып қояды. Осылай, кейін жіберген Алшын да өз жүздігімен сол жерде қалып, сол үш жүзден қазақ халқы пайда болады. Екінші бір аңызда бұл жүздіктердің кейбірінен тұтас халықтар қалыптасып көбейеді, ал кейбірі соғыста қырылып азаяды. Сондықтан олардан азғана ұрпақ қалады. Ұлы

жүзде - Үйсіннің, Орта жүзде — Болаттың, ал кіші жүзде Алшынның ұрпақтары қалған (174, 52-53).

Аңызда хан баласының «ала» болуы ерекше көңіл аударарлық нәрсе. Ертеде ғұн дәуірінде-ақ, әр ірі ру тайпалардың сарбаздары бір түсті ат мінген. Ал оның ішінде қарлық аттары, жабайы жылқылармен будандастырылғаннан түсі ала болғаны белгілі. Аңызда «бала» түсінің ала болуының сыры осында жатқан болуы керек. Сондықтан Үйсін, Болат және Алшынның өз жүздіктерімен ханның ала ұлына барып қалып қоюын, олардың қарлық ру-тайпалық бірлестігіне енгенін меңзейтіні анық.

Осы ретте араб жазушы-саяхатшысы Мұхаммед әл- Ауфи шығармасында Алтайда мекендеген қарлықтардың тоғыз-оғыздарға тәуелді болғаны және олардың өздерінің тоғыз бөліктен құралатыны, ал солардың ішінде үш шігілдер мен хасагтар тайпаларының тұратынын хабарлауын еске ала кеткен жөн.

Мұндағы үш хасагтар қазақтың Орта және Кіші жүздерінде кездесетін қаракесектер тобы болуы ықтимал. Әсіресе бұл орайда Орта жүздің Арғын бөлігіндегі үш қаракесекті атауға болады.

Қаракесекте екі түбір сөз бар екені көрініп тұр. Бірі - «қара», екіншісі «кесек». Соңғысы «кесек» негізгі этноним атауы болып тұр. Осы жоғарыда аталған «үш хасаг» үш қаракесектің бұрынғы атауы болу керек. «Хасаг — кесек» болып өзгеруі мүмкін. Жалпы қарлықтарда «үш», «қара» сөздері атау ретінде жиі қолданылған. Мысалы, «Ышбара» Хэлу қағанның «Ышбара» атауында, «бара»-моңғол тілінде «қара» түсті білдіреді. Қарлықтардың өздерінің де «үш қарлық» болып аталуы жиі кездесетіні белгілі.

Тағы бір ескерілетін жәйт, шежіреде қаракесектің Болаттан таралуы, ал қарлықтардың басты тайпасы — болат болуы. Келтірілген аңыздарда «Болат» аты көзге түседі. Әсіресе, екінші аңызда Орта жүзге Болаттан ұрпақтар қалған деп аталуы көңіл аударарлық. Қазірде шежіреде Орта жүздің Арғыннан тарайтын ең үлкен руы қаракесек Мейрамның кіші әйелі Қарақабаттан туған Болатқожа деген баласынан тарайтыны айтылады. Осы орайда Қарқабатты еске түсіретін Солтүстік Монғолиядағы Хара- Хаба (Қарқаб) шатқалын айту керек. Рашид-ад-дин осы қарқабатты, Аргунь өзені бойын және т.б. топонимикалық атауларды келтіре отырып, оларда ертеден түркі халықтары мекендегенін айтады . Ал осы қаракесектің өзі қырғыздың үшкілік бөліміндегі «кесек», тувалықтардағы «кезек», лоқайлықтардағы-»жичи» түрікмен-салор мен башқұрттардағы- «кесе», қазақтың орта және кіші жүзіндегі — қаракесек, венгірлердің ертеден келе жатқан жеті тайпасының бірі «кесе» этнонимдерімен сәйкес келуі оның көне түркі, тіпті ғұн дәуіріне кететінін байқатады. Оны дәлелдеуге, біздің ойымызша, Сібірдегі Шор

халқының фольклорын, әсіресе, олардың «Кес хан» батырлық эпосын түбірлі зерттеудің маңызы зор, Қаракесекте: «біз шормыз, құдайдан да зормыз» деген сөздердің халықтың есінде сақталуы кездейсоқ емес.

Этникалық мәселелерді талдағанда тіл диалектілерін маңызды дерек ретінде пайдалану орынды. Біз қарастырып отырған кезеңде-ақ қарлық ру-тайпалық бірлестіктері араб- парсы деректемелерінің мәліметтеріне қарағанда, негізінен, екі түрлі диалектіде: бір тобы «ж» дыбысты, екінші тобы «и» дыбысты диалектіде сөйлеген . М. Қашғари айтуынша, Арғу елі көбінесе «ж» дыбысын қолданған. Бұл диалектілік ерекшелік қазірде Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда тұрақты болып келеді. Сонымен бірге қарлықтардың кесекпен байланысын анықтауда да тілдің көмегі тиеді. «Худуд ал- алам» шығармасында қырғыздың «кес кесайим» руының ерекшелігін айта келіп, олардың тілдерінің басқалардан гөрі халлухтарға, яғни қарлықтарға жақындығын хабарлайды.

Халықтың пайда болуы, яғни этногенезі тілдің қалыптасу мәселесімен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда А. Бернштамның кезінде Орта Азия түркі тілдеріндегі халықтың көне іздерін зерттеуде қазақ тіліне ерекше көңіл бөлуін атап өткен орынды. Бұл орайда ортағасырлық қарлықтар тілінің бір тобы «ж» диалектіде болғаны еске түседі. Ол кезде қарлық билеушілері бірде— ябғу, бірде — жабғу деп аталған. Мысалы, 840 жылы өзін қаған етіп жариялаған қарлық билеушісі Илмалмасын «жабғу» атағын иемденгені белгілі.

А.Бернштам Гардизидің қарлықтар жөніндегі аңызын келтіре отырып, «ж» диалектісі негізінен Батыс Түрік қағанаты тайпаларына тән екенін дәлелдеді. Бұған тек қосатынымыз, біздіңше, қарлықтардың негізгі бөлігі Батыс Түрік қағанатынан кейін, оның құрамында болған тайпалардың орнын басып, «ж» диалектісін одан әрі күшейтті және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда бұл диалект қазақ халқының қалыптасу барысында өз жалғасын тапты деуге болады.

Қазақстандағы жер-су атауларының этнонимдік мәселелерді қарастырғанда тиетін пайдасы зор. «Қазақ тілі ономастикалық лексикалық құрамы азды-көпті болса да көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі халқымыздың тарихи-мәдени өрісінің ізін толық көрсете алады» (69, 88).

«Қарлық-қағарлық» немесе «Болат» этнонимдерін еске түсіретін жер-су аттары Орталық Қазақстанда жиі кездеседі. Мысалы Қарағанды облысында Бас Қағыл, Орта Қағыл, Аяқ Қағыл деген тау атаулары бар. Бұл қарлық этнонимінің бұрын Алтай тауымен байланысы болса, кейін осы тайпалық одақтан шыққан Орта жүздің арғын ру бірлестігі Орталық

Қазақстанда қарлық-қағарлық — «қағыл» этнотопонимикасын жасауы ықтимал.

Қарлықтардың «Болат» тайпасының аттары да Арқа жерінде баршылық. Ол да көбінесе тау атымен тығыз байланысты. Мысалы, Арқа мен Бетпақдала арасын бөліп тұрған ең биік тау — Болат тауы. Бұл туралы халықтық аңыз да бар (188, 78-80).

Махмұд Кашғари сөздігінде қарлық құрамындағы Арғу елін бірде Тараз бен Баласағұн, ал келесі бір ретте Испиджаб пен Баласағұн арасын жайлаған деп айтылады. Бір қызығарлық жәйт, осы екі нұсқада да Арғу елі Баласағұн қаласымен байланысты аталады. Ал осы қала атының әуелгі екі түбірі бары байқалады. Олар: «бола» және «соғұн». Этимологиялық талдауда: біріншісі — «боло»=«було», яғни тайпа аты, ал екіншісі «соғұн» «сағұн» болып, қарлықтайпасының көсемі атағын білдіреді. «Сағұн» лауазымын қазақтардың «соғым» сөзінің этимологиясымен салыстырудың қисыны бар. Өйткені өткен өмірде болған құбылыстар тілде өз іздерін кейінгі ұрпаққа қалдырып кетеді. Сондықтан халық шежіресіне байланысты кейбір айғақтарды осы тілден іздестіруге болады. Соғым дегеніміз қыста сойылуға арналып бағып-күтілген семіз мал. Әдетте соғым сойған үйдің, сол ауылдың немесе көрші ауылдардың ақсақалдарын соғым басына шақыру салты дәстүрге айналған. Онда сойылған малдың мүшелерін шақырылған ауылдардың құрметті адамдарына, ақсақалдарына үлестіреді. Әр мүшені таратудың өзіндік орны мен мәні бар. Осы ретте «Оғызнама» эпосындағы Оғыз қағанның балаларына жұртын бөліп, ал Ырқыл қожаның соған қарай сойылған малдың мүшелерін таратуы айтылып отырған дәстүрдің ертеден келе жатқанын көрсетеді. Ендеше қарлық ру-тайпаларының «сағұн» лауазымының кезінде қолданылған, ал кейінгі шақта ұмытылса да қазіргі тіліміздің сөздерінің қолдану өрісі, мағынасы мен нысанына қарай «соғым» болып, тұрмыстық салт-дәстүр шеңберінде мән-мағынасын өзгерткен ғана болып шығады.

Мына бір жәйттің жалпы біз қарастырып отырған мәселелерге қатысы бар. Қытайдың Хань жылнамаларында түркілер ғұндардың «со» (Сорхы) аталатын атақты тайпасының ұрпағы ретінде көрсетіледі. Сонда бұл лауазымның өзі «со» және «ғұн» деген екі түбірден құралады деуге негіз бар. Бұл жағдайда барлық түбірлерді қосқанда: Боло - со - ғұн құрылымы, ал генеологиялық тәртіппен орналастырсақ: ғұн-со-боло болып шығады. «Со» түбіріне семантикалық тұрғыдан көне сары ұйғырлардың: Соқалық, Саоқозымен, хакастардың: ақ сохы, көк сохы, хара сохысымен, ал қазақтың Арғын құрамындағы: ақ софы, қара софы, тәнбі софы этнонимдері сәйкес келеді.

Сонымен, бір сөзбен айтқанда, Баласағұнды қарлықтардың басты бір-моуло, яғни болат тайпасының көсемі тұратын ордасы деп ұғыну керек. Шынында да Баласағұн қаласының іргесіндегі қарлық жабғуының ордасы — Құзорда деп аталған. Егер көне тайпалардың өз таңбасы барын ескерсек, Құзорда-Көзорда болуы әбден ықтимал. Өйткені түркі тілдерінде «ө»-нің «ұ» дыбысына айналуы үйреншікті. Бұл атауды оғыздар беруі кәдік. Өйткені «Оғызнамада» қарлықтар әлі қағанат құрмай тұрғанда оғыздар құрамында болып, тіпті қарлық этнонимін де солардан алған. Сонда қазіргі Арғын (Болат) мен Шекті (шігіл) руларының көз таңбалы болуы да Құзорданың солай аталуына себеп болуы керек. Оның бер жағында Тоныкөкке арналған жырда «Арқуға күзет қойдым» деген жол бар. Ендеше түркі тілі ертеден Арқу жерін жауды бақылайтын «көзге» теңеп, кейін ол таңбалық символға айналуы және осыдан барып көз таңбаны еншіленуі ақылға сыйымды.

Сонымен, «болат» қарлықтардың басты бір тайпасы бола тұрып, ол Жетісуға қоныстанғанда шігіл және т.б. ру-тайпалармен бірге Арғу елін құрып, кейін қазақтың Орта жүзінің құрамдас бөлігіне айналды.

Қарлықтардың келесі бір ірі тайпасы ташили болды. Бұл тайпа қарлықтар әлі Жетісуға келмей тұрғанда, яғни VII ғасырда Алтайдан батысқа қарай орналасты. Н.Я. Бичурин картасы бойынша осы тайпа үшін құрылған Қытайдың Сюаньчи округі Баркөл жоталарының батысында болды. Сонда тайпа Сайрам көлі бойында орналасқан болып шығады.

«Таши» этнонимін ориенталистер «тазылық - таз» — деп қалпына келтіреді. Таздардың ерте кезде ірі тайпалық бірлестік құрғанын олардың қазірде бірнеше түркі тектес халықтардың құрамында кездесуі дәлелдейді. Олардың ру- тайпалық құрылымы алтайлық құмандарда (тас), қазақтарда Ұлы, Орта жүздерде (тастар-арғын, тас-қоян) Орта жүзде, Арғынның қаракесегі мен Жоғарғы шектіде (таз), Кіші Жүзде (таз, тазлар), қырғыздарда (сарыбағыш тайпасының таздар руы), Өзбектерде (тас қатаған Зеравшандағы маңғыт тайпасының таз руы), түрікмендерде (иомуд құрамындағы таздар немесе дазы) және ноғайларда (таз руы) кездеседі.

Таздар түркі заманында теле тайпаларымен бірге таулы өлкелерден шығысқа қарай «ормандағы халықтар» атанып тұрған. Бұл жөнінде монғолдардың құпия шежіресі хабарлайды. Бір қызығы онда басқа тайпалармен бірге таздар қарлықтардың келесі бір тайпалық бірлестігі тухсимен қатар аталуы. Шежіреде 1207 жылы Шыңғыс хан ұлы Жошы осы тайпаларды тез арада өзіне бағындырғаны және оларды әкесі ұлының қарамағына бергені айтылады. Шежіре мәтінінде аталған тайпалар: шибир, кесдиин, баит, тухас, иеңлек, телес, тас және бачжигі делініп, географиялық тұрғыдан реті сақталып айтылған. Егер Жошы Онан және Керулен

өзендерінің жоғарғы ағысынан жорыққа шықса, ал мәтінде айтылғандай, «Ормандағы халықтар әр жақ шетінен бізге қарай», яғни батыстан шығысқа қарай деп көрсетілсе, онда таздар қарлықтар сияқты Саян — Алтай таулары маңында орналасқан деп пайымдау керек.

Қарлық қағанаты кезіндегі таздардың ізін сол кездегі Бесбалық үшін күресті бейнелейтін «Манас» эпосындағы сюжеттерден байқауға болады. Онда «қыпшақтардың тазы» деп көрсетіледі.

Шынында да таздар ол кезде оғұздар көші-қонынан кейін бөлшектеніп кеткен болу керек. Оған таздардың жоғарыда аталған түрік тектес халықтардың көпшілігінде кездесуі дәлел. Сонымен бірге «Манаста» Манастың жақтасы «Ер Бақай» жиі аталады. Ал таздар ұраны ертеде «Бақай» болғанын Н.Е.Аристов айтады. Егер Бесбалық үшін күресте қырғыздардың негізгі одақтасы қарлық конфедерациясына кірген ру-тайпалар болса, таздар да өздерінің Бақай атты қолбасшысының соңынан еріп, Манаспен бірге жорыққа шығуы және кейін ол есім солардың ұранына айналуы ықтимал.

Ер Бақай бірде хан, бірде Манастың ақылшысы ретінде көрсетіледі. Ә.Марғұлан Бақайдың Бесбалық үшін күрескен тарихи тұлға Бақа тарханмен сәйкесу мүмкіндігін айтады. Ол шын болса Бақай — түргештердің көсемі. Түргештер құрамындағы тайпалар кейін қарлық қағанатының құрамына енгені мәлім. Сонда Бақай елі қарлық ру-тайпалық бірлестігінің бірі болып шығады. Тағы бір айтатын нәрсе, Бақай мен Ер Қосайдың замандас болуы және екеуінің бірге Манаспен жорыққа қатысуы. Ал осы Бақай мен Қосай қазіргі қазақтың арғынының тәнбі софы бөлігінен тарайтын қос ру ретінде қатар қойылады.

Сонымен, таздардың телестермен бірге, қарлықтардың екінші бір үлкен тайпасы тухсимен қатар аталуы және де Саян — Алтай таулы өлкесінде орналасуы, «Манас» эпосындағы сюжеттерге енуі, қазіргі көптеген түркі тектес халықтардың этникалық құрамына кіруі оны қарлық қағанатындағы ташили атты ірі тайпамен сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қарлықтармен туыстас және қарлық жабғуының қол астында халаж (қалаш немесе қалач) тайпаларының рулары Іле алабынан Сырдарияға дейінгі жерлерді мекен етті. Қарлықтар мен қалаштар тайпалары»Оғызнамада» бірге қатар айтылады. Бұл реттілік Рашид ад-дин шежіресінде де сақталады .

Халаж тайпалары туралы М. Қашғари өз еңбегінде аңыз келтіреді. Онда: «Е. Зұлқарнайын өскерімен түркі жеріне келіп кіргенде 22 адам отбасымен жұртта қалып қойған екен. Олар не істерін ақылдасып тұрғанда, өскер мен көштің артында қалып қойған екі еркекті кездестіреді. Ол екеуіне бұлар Е.Зұлқарнайынның көпке қалмайтынын, кететінін, ал өздерінің

калатындарын айтады. Сөйтіп, «қалач», яғни тоқтандар, «қалыңдар» деген мағынаны білдіреді. Кейін сол екеуі «халаж» деп аталып кеткен. Е. Зұлқарнайын келген соң оларды көріп, түріктерге ұқсас екендігін айтады. М. Қашғари түркімендерді 24 тайпадан құралған дей келіп, кейін халаждардың екі тайпасының бөлініп кеткенін айтады (137,1,313).

Қалаштар қарлықтармен бірге олардың оңтүстік- батыс жағын ала орналасып, қарлықтардың конфедерациясына кірген болу керек. Жоғарына келтірілген аңызда олардың сол Е.Зұлқарнайын келген жағында, жолында болғанын және шекарада жауды бірінші кездестіргенін меңзейді.

«Қарлық» этнонимі мен этносы арақатынасы

Белгілі бір этникалық қоғамдастықтың этнонимі мен этносы арасындағы қатынасты зерттеу өте күрделі де және қажетті мәселе болып отыр. Мұның әсіресе, әр халықтың ежелгі ру-тайпалары мен тайпалар бірлестігін, мемлекет пен халықтардың қалыптасуына дейінгі тарихи кезендерін жүйелі қарастыруда ерекше мәні бар. Орта ғасырларда Орталық Азиядағы саяси-этникалық процестердің шым- шытырық күрделі түйіндерін шешуде этноним мен этностың әр тарихи кезеңдерге байланысты арақатынасын анықтаудың маңызы зор. Бұл ретте Ю.А.Зуевтің «біз көбінесе этнонимнің тарихын қарастырамыз да,оның иелерінің тарихына көңіл бөлмейміз»(85,1962,113) деуі орынды.

Қарлықтардың VII-VIII ғасырлар Алтай мен Тарбағатайда «үш қарлық» этнонимімен тарих сахнасына шығуы» ал VIII-X ғасырларда Жетісу бойында қарлықтардың үстемдігі мен қарахандар әулеті тұсындағы және одан кейін моңғол шапқыншылығы мен олардың ұлыстары кезеңдеріндегі «қарлық» этносы мен этнонимінің арауязынасы біркелкі болмай өзгеріп отырды. Алайда қандай да болсын халықты этникалық тұрғыдан қарағанда этноним мен этнос арасындағы белгілі бір дәрежеде тұрақты сәйкестікті де естен шығаруға болмайды.

Жоғарыда айтылғандар белгілі бір заңдылыққа башнады. Ғасырлар тереңіне шегінген сайын этноним мен этнос сәйкестігі арта түссе, керісінше, қазіргі заманға жақындаған сайын түрлі тарихи кезеңдерде құрамына жаңа мамноненттердің енуіне байланысты этнос түбірлі өзгеріске ұшырауы да мүмкін. Нәтижесінде этнонимнің алғашқыда берген мазмұны кейін өзгеріп, ол енді жаңадан қалыптасқан этникалық қоғамдастықтың атауына айналады. Сонымен қатар этникалық қоғамдастықтың ыдырауы кезінде оның кейбір бөліктері бұрынғы атауды бүтіндей сақтап қалуы да тарихта жиі кездеседі. Алайда ол атау ендігі жерде жаңа, тар мағыналық сипат алуы мүмкін.

Мысалы, Югославиядағы словендерді, Чехословакиядағы словактарды т.б. айтуға болады.

IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырдың бірінші жартысында Орталық Азияда кеңінен тараған «қарлық» этионимі қарахандар әулеті тұсында оның құрамындағы басты тайпалардың өз атымен (чигил, яғма т.б.) жеке дара бөлініп шығып, ірі күшке айналуы нәтижесінде жаңа, тар мағынаға ие болды. Бұған айқын дәлел ретінде 1129,1137- жылдардағы Мауреннахрда болған жанжалдарда тек хан әскерінің ғана қарлықтар болып аталуын айтуға болады.

Қарлықтардағы этникалық қоғамдастықтың дамуында әлеуметтік-потестарлық («Potestar»—латынша «өкімет» мағынасын білдіреді.) ұйымның рөлі зор болды. Бұл жағдайда әлеуметтік-потестарлық ұйымды қарлықтарды таза ру-тайпалық одақтар қоғамынан мемлекеттік — саяси ұйымға өткізуші көпір ретінде санауға болады. Алайда қарлықтар қоғамында әуел бастан-ақ саяси- басқару ұйымының қалыптасуы олардың шаруашылықты жүргізу ерекшелігіне тікелей байланысты еді. Сондықтан қарлықтардың әр тарихи кезеңдерде қалыптасқан шаруашылық — мәдени түрлілігі мен оған этникалық қоғамның түрлерінің сәйкестігіне және олардың ерекшеліктеріне тоқталу қажет.

Алтай мен Тарбағатайдағы ру-тайпалардың бір орталыққа бірікпей өмір сүру дәстүрінің қалыптасуын олардың географиялық орналасуы мен соған байланысты шаруашылық әдістерінің ерекшелігінен, саяси және әлеуметтік жағдайларынан іздестіру қажет. Бұл орайда Л.Н.Гумилевтің пікірі ойға қонымды. Оның айтуынша, Тянь-Шань етегі мен Тарбағатайдағы көшпелілердің малды жайлауға, яғни таулы жайылымға шығарғанда әр ру-тайпа тар сай-шатқалдармен көтеріліп, жеке-жеке қоныстанды. Шаруашылықты осылай жекеленіп жүргізу олардың саяси құрылымдарына да ықпалын тигізді — хандықтың орнына тайпалық одақтар қалыптасты.

Қарлықтар бірлестігі жоғарыда айтылғандай шаруашылық әдістерін қолданғандықтан біртұтас хандық құра алмай, тайпалық одақ түрінде қала берді. Ал олар VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырда Алтайдан Жетісуға келіп, Орта Азияда үстемдік еткен кезде шаруашылықтағы келелі өзгерістер қарлық көшпелілерінің көп бөлігін отырықшылыққа бастады.

Жалпы IX-XII ғасырларда Орта Азияда, Жетісуда және Оңтүстік Қазақстанда қалалардың өсуі мен отырықшылық мәдениеттің күрт өркендеуі байқалады. Ал көшпеліліктің өзі жартылай отырықшылық, қалалық мекендердің көбеюі т.б. сияқты белгілері бар үшінші сатыдан өтті. Оған айқын дәлел ретінде тайпа аттарының қала және қалашықтарға берілгенін көруге болады. IX-X ғасырларға жататын жазба деректерде орташа көлемдегі

кала - «Қарлық», «кішкене қалашық — «Жікіл», қалашық «Яғма» және т.б. туралы айтылады.

Қарлықтар қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық күрделі процестердің басталғандығын «Худуд ал-алам» шығармасында: кейбір қарлықтар — аңшылар, кейбіреулері жер өңдеушілер, ал тағы бір бөлігі — малшылар,- деп хабарлауынан көреміз. Ал қарахандар әулеті тұсында көшпелілер мен жер өңдеушілер арасындағы әлеуметтік жіктелістің күшейгендігі соншалық, олар өздерінің жайылымдық және егістік жерлерін бір-бірінен қорғау іс-шараларын жүзеге асырды. X-XII ғасырлардағы қарахандар әулеті тұсында коммендадиялық институттардың кеңінен таралуы осының айғағы еді. X ғасырда-ақ Испиджаб аймағындағы егістіктерді шапқыншылықтан қорғау үшін дуалдар тұрғызылғаны жазба деректерде кездеседі.

Қарахандар әулеті тұсындағы феодалдық қатынастардың барған сайын дамуы, яғни икталық жер иелеудің шығуы мен олардың жеке меншік ретінде мұралыққа қалдырылуы және коммендациялардың кеңеюі, қарлық конфедерациясындағы қауымдарды одан әрі жіктей түсті. Осындай әлеуметтік жіктелістің күшеюі отурықшылыққа көшкен қарлықтардың бір бөлігін ірі икталық иелігі бар феодалдарға айналдырды да «әлсіз» беліктерін коммендация жүйесіне кіргізді, не болмаса қала және қала маңында ұсақ-түйк сауда-саттық немесе қөлөнермен айналысушылар қатарын толықтырды. Ал көшпелі бетінде қалған белігінде феодалдық қатынастың мұндай дәрежеде болмауы олардың арасындағы әлеуметтік жіктелісті кешіктірді. Мұндай жағдайда «қарлық» этнонимінің қандай күйге ұшырайтынын қарастырып көрелік. Қарлықтардың отурықшылыққа көшкендері белгілі бір жаңа әлеуметтік статусқа ие болды да соған байланысты өзіндік, удельдік әулет атымен, ал коммендацияға кірсе, соның күшті әулетінің атымен атала бастады. Тек көшпелілері ғана бұрынғы ру-тайпалық құрылымды өзгертпегендіктен де сол бұрынғы «қарлық» этнонимін сақтап қала алатын еді.

«Қарлық» этнонимінің көшпелілерде сақталынып қалуына тағы бір себеп, ол қарахандар әулетінің және ірілі-ұсақты удельдік билеушілердің әскер ұстауымен байланысты еді. Қарахандар әулеті тұсында әскердің негізгі бөлігі мен қолбасшылар көшпелілерден құралды. Қызмет жасағандары үшін оларға икталық иелік берілгенімен мәңгілік меншікке қалдырылмады. Сондықтан олар икталық жүйені одан әрі дамытып, мұралық меншікке айналдыруды көздеді. Бұл үрдіс XI ғасырда басталып, XII ғасырда күшейе түсті. Алайда иктаның бұлай дамуы қарахандар мемлекетінде сепаратистік қозғалыстың күшеюіне әкеліп соғатын еді. Сондықтан Қарахан әулеті

иктаның өз әскері арасында дамуына қарсы болды және оған тиым салып отырды. Оған мысалға Қарахандар иктадарларының құқығы жөнінде Низам ал-Мүліктің халықтан тек заңды түрдегі салықты ғана жинап, басқа ештеңесін де тиіспеу керек, ал халық және патшалық — сұлтандарға ғана тиесілі деген сөздері дәлел (185, 34). Мұның өзі хан, сұлтан мен ірі удельдік иеліктердің иелерінен құралған Қарахан әулетінің билеушілері мен әскер және әскер басыларының арасында қайшылықтар туғызды. Бұл қайшылықтың ақыры кейде әскер арасындағы көтерілістерге ұласып отырды. Шынында да қарлықтардан немесе шігілдерден құралған өскерлердің Қарахандар әулетінің билеушілеріне қарсы көтерілістері икталық жүйенің одан әрі мұралық меншікке қалдыру үшін күрестің күшейген уақытына, яғни XI -XII-ғасырларға сай келеді. 1130, 1137-1141, 1158 және 1164 жылдардағы Қарахандар әулеті мемлекетіндегі қарлық әскері мен оның қолбасшыларының көтерілістеріне жеке меншік, қызмет ету статусы және жер мәселелері себеп болғаны мәлім. Алайда, Қарахандар әулетінің билеуші хандары олардың құқыларын шектеуге тырысып бақты. Оны 1158-59 жылдардағы кидан өміршісі гурханның өзіне бағынышты Самарқанд билеушісінен қарлықтарды қарусыздандырып, олардың отырықышлықпен айналысуы үшін Қашғарға жер аударуын талап етуінен көруге болады.

Сөйтіп, Қарахандар әулеті билігінің соңғы кезеңінде шаруашылық әдістерінің өзгешелігі мен мемлекеттің ішкі саяси-әлеуметтік жіктелуі, селжұқтар мен қара қытайлардың сырттан килігіп, араласуы және діни қоғамдастықтарға бөлінуі нәтижесінде шектеліп, дараланып шыққан көшпелі қарлық иеліктері: Қаялық, Алмалық, Хазар қарлықтары болып, «өзіндік» этнонимге ие болды. Бұл жерде этнонимикалық саралау әдісін қолдана отырып, «қарлық» этнонимінің тарихи кезеңдерге байланысты өзгерістерін анықтауға болады. Қарлықтардың алғаш тарих сахнасына шығу кезеңінде (VII- VIII- ғ.ғ.) «үш қарлық» болып аталуы саяси-географиялық этноним ретінде көзге түседі. Өйткені олардың орналасу географиясына байланысты «тау етегіндегі немесе қырды жайлағандар» мағынасын беретін «қарлық» атауы сыртынан берілген болса, үш тайпаны саяси одаққа біріктіруіне байланысты «үш қарлық» атанып, жазба деректерде кездеседі.

Ал қарлықтардың күшейіп, түргештерден кейін Орталық Азияға үстемдік ету кезеңінде (VIII-ғас. II-жартысы — X ғас.) жергілікті ру-тайпаларды өзінің құрамына кіргізіп, саяси билікті қолына алған соң, қарахандар әулеті тұсында күрделі шаруашылық, әлеуметтік және саяси процестерге байланысты қарлық этнонимі бірте-бірте тарылып, тек өзгере қоймайтын дәстүрлі шаруашылықпен, яғни көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың және солардан шыққан удельдік кінәздіктер мен

хандардың әскеріне берілетін атауға айнала берді. Ал Қарахандар әулетінің билігі әлсіреп, мемлекеті ыдырай бастаған заманда сол атаумен бөлініп, жеке кінәздіктер құрған қарлық иеліктері «қарлық» этнонимін «өзіндік этнонимге» айналдырды. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде қарлықтар өзіндік этнониммен аталып, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының жорықтарына қатысты. Бізге белгілі бір этникалық қауымдастықтың ыдырауына байланысты оның кейбір жекеленген бөліктерінің бұрынғы атауды тар мағынада сақтап қалу мүмкіндігі бар екені белгілі. Бұл құбылыстың әсіресе сол ыдыраған этникалық қоғамдастықтың географиялық тұрғыдан шеткі аймақтарында, сыңарларында көрініс береді.

Белгілі бір дәрежеде жоғарыда айтылған құбылыс «қарлық» этнонимінің де Қарахандар әулетінің пайда болуы қарсаңында сол мемлекеттің негізін құрушы, біріктірушілердің аты болса, ал ол мемлекет ыдырағанда оның шеткі аймақтарында кінәздік құрған бөліктерінде (Қаялық, Алмалық, Хазар қарлықтары) өзіндік этноним ретінде сақталуымен қайталанатын.

«Қарлық» этнонимінің мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшырауына қарахандар әулеті тұсындағы халықтардың наным-сенімдері тұрғысынан жіктеліп, діни қоғамдастықтардың қалыптасуы да үлкен ықпалын тигізді. Қарлық конфедерациясындағы тайпалар сол кездегі белгілі бір діни қауымдастыққа кіргені жазба деректерде жиі кездеседі. Қарлықтардың билігі тұсында Орта Азияда христиандық, буддистік, манихейлік және ислам діндері кеңінен тарады, ал Қарахандар әулетінде ислам мемлекеттік дінге айналды. Қарлық конфедерациясындағы тайпалар мен соғдылықтар, қала тұрғындары араласып, белгілі бір діни қауымдастыққа бөлінеді. Нәтижесінде олар жаңа атауларға, яғни этнонимдерге ие болды. Мысалы, оғыздар мен қарлықтардың исламды қабылдаған бөлігінің «түрікмен» болып аталуы осының айғағы. Қаладағы және қала маңындағы қарлық тайпаларының белгілі бір дінге, оның ішінде әсіресе исламға енуі олардың отырықшылыққа көшуімен бірге жүрді. Қарлықтардың Құлан қаласында мұсылмандар болып, жер өңдеумен айналысатындықтары туралы хабар осыған дәлел (207, 97).

Сонымен қорыта келгенде V-XIII ғасырлар аралығында қарлық этносының бірнеше даму кезеңдерінен өткенін байқаймыз: 1. V - VI ғасырларда Ішкі Азияда қарлықтар өзінің басты тайпасы — «було» атымен, этникалық дамудың ғұндық кезеңінің бір конгломераттық кезінісі ретінде бөлініп шыққан деуге негіз бар. Оған дәлел ретінде Суй әулетінің тарихында (581-618 жж.), яғни V ғасырдың орта шеніне байланысты жылнамада Алтайдың етегінде мекендеген бұлақ (було) тайпасы туралы хабарын келтіруге болады. 2. VII-VIII ғасырларда үш тайпадан құралған «үш қарлық»

бірлестігі атауымен Түрік қағанаты үстемдігіне қарсы күресушілердің бірі болды. Бұл кезде қарлық құрамына бұлақ, шігіл және ташлы тайпалары кіргені белгілі. 3. VIII ғасырдың ортасынан бастап қарлықтар батысқа жылжып, бұрынғы «Он оқ» елі мен» түргештердің ру-тайпаларын біріктіріп, конфедерация құрады. Осы кезеңде қарлық бірлестігінің құрамында тоғыз ру-тайпалық топ болғаны мәлім. 4. IX-X және XI ғасырларда қарлық конфедерациясындағы тайпапар өзара және көршілес орналасқан оғыз,яғма және соғдылармен үздіксіз этно-саяси қарым-қатынаста болды. 5. XII-XIII ғасырларда қарлықтар Қараханидтер мемлекетінің ыдырауына байланысты жеке кінәздіктер құра бастағанда моңғол шапқыншылығына ұшырады. Сөйтіп, қарлықтардың өздерінің этникалық дамуында халық болып, қалыптасу процесі моңғол шапқыншылығы салдарынан тежелді. Бұдан былай қарай қарлық қоғамы өзіндік даму жолымен емес, бөліну, басқа түркі тілдес халықтардың қалыптасуына белсене қатысуымен сипатталады. Бұл кезеңде қарлықтар этникалық дамудың басқа таксономикалық дәрежесінде болды.

Шаруашылығы мен әлеуметтік-саяси құрылымы

Қыптасқан тарихи және географиялық ағдайларға байланысты қарлықтар Қазақстан мен Орта Азияның территориясында орналасқан түріктердің ішіндегі отырықшылдыққа ерте бой ұрған тайпалық бірлестік болды. Мұның себебі қарлықтардың оңтүстік, оңтүстік-батыстағы және де өздерінің ішіндегі отырықшылдықпен, егіншілікпен және саудамен айналысқан соғды иеліктерімен тығыз байланыста болғандығынан еді. Қарлықтар жоғары отырықшылдық мәдениеті бар соғдылармен шаруашылық кооперациясына тартылып, нәтижесінде түрлі этникалық белгілі бір шаруашылық түріне маманданды. Бұған бірден-бір мүмкіндік жасаған Ұлы жібек жолы еді. Сауда жолдарының осы қарлықтар мекенімен Соғды иеліктері үстімен өтуі олардың маманданған шаруашылықтарынан түскен өнімді бір- бірімен оңай айырбастап немесе сатып алуына қолайлы жағдай жасады.

Ғылыми әдебиеттерде дәлелденгендей, шаруашылық саласы бойынша мамандану мен сауданың қарқынды дамуы еңбек өндірісінің төмен болуына қарамастан алға баса берді.

Қарлықтар қоғамында шаруашылықтардың бірнеше типі қалыптасты. Олар: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшылдық болып бөлінеді. Егер де сол қарастырып отырған кезеңде қыпшақтар мен оғыздарда негізінен көшпелі шаруашылық басым болса, қарлықтарда негізінен жартылай

көшпелілік орын алды. Мұның себебін қарлықтардың, орналасу, тарихи, географиялық ерекшеліктерінен іздестіру қажет. Олар бір жағынан көшпелі мал шаруашылығы басым оғыздар, қыпшақтар, қимақтармен шекаралас болса, ал екінші жағынан, отырықшылдықпен, егіншілікпен жиі айналысқан соғдылармен қатар орналасты. Сонымен қатар, қарлықтар территориясында қалалардың көп болуы, Ұлы жібек жолының да үстерінен өтуі олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше әсер етті.

VIII-X ғасырдағы Жетісу өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері жоғарыда айтылған тұжырымдардың дұрыс екенін көрсетеді. Қарлық кезіне жататын Баба ата мекенінде шаруашылық негізінен мал бағу болғанымен, егістік дақылдарының қалдығы мен темір орақ және қарбыз бен қауын дәндерінің сақталуы отырықшы - егіншіліктің қатар дамығанының дәлелі. Академик Ә.Марғұлан VIII -X ғасырларда Іленің төменгі ағысы, Қаратал жазығы мен Көксуда, отырықшы және жартылай отырықшылдық жағдайда өмір сүрген түркі жұртының мекендегенін айтады. Мұның өзі отырықшы шаруашылықпен айналысушылар тек қалада, қала маңында ғана емес, сонымен қатар далалық аймақтарда көшпенділермен көршілес орналасқанын айғақтайды.

Іле жазығында мал шаруашылығы «тік-көшпелі» (вертикальды) болды. Онда далалық қыстау мен таулы жайлау аралығындағы көшіп-қону 200 шақырымнан аспайтын. Мұндай шаруашылықтың тағы бір ерекшелігі сол, олар көктемгі және күзгі жайылымдарда ұзақ уақыт бір жерде, көбінесе тау етегінде тұрып қалатын. Елді мекендердің осындай жерлерде, тау етектерінде көптеп табылуы осы шаруашылық түрінің дамуымен түсіндіріледі. Көшпелілер мен жартылай көшпелілердің белгілі бір топтары әр түрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға байланысты отырықшылдыққа ауысып отырды. Оның негізгі себептері: таптық жіктелудің күшеюі, соғыстар, малдың қырылуы, жайылымның жетіспеуі т.б. болды.

Отырықшылдыққа көшудің бір маңызды себебі түркілердің арабтар әкелген исламды қабылдауы еді. Бұл дінді қабылдаған түркілер «гази», яғни дінді қорғаушы және уағыздаушы болып, жергілікті халықпен араласып, отырықшылдыққа көшкен. Мұндай жағдай қарлықтар кезеңінде Шаш пен Испиджаб облыстарында жиі болып отырған.

Қытай деректеріндегі пайымдауларға қарағанда, түркі рулары малдарын қыста Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойында ұстап, жазда Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері аралықтарын жайлап, Орал тауы мен Обь өзеніне дейін барған. Бұл дәстүр қазақтарда тіпті XVIII ғасырдың ортасына дейін сақталып келді. Орта ғасырлық араб жазушысы ибн Әсірдің айтуынша,

тайпаларының жаз салқын жерде, ал қысқа қарай жылы жерлерге (Сыр бойы, Шу маңын, Талас) қоныстап жүріп, 960 жылдары ислам дінін қабылдай бастайды. Мұны қытай деректері де растайды.

Ертеде Қарқаралы өңірінің қарлықтары мекендегенін қытай деректерінен білеміз деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал халықтың ауыз әдебиетінде:

Қарқаралы – қазылық,

Жататұзғын жазылып,

— деп айтылады (24, 1985, 217). Қарлықты кейде қазылық деп атауы ертеден белгілі. Қарқаралы тауы Қазылық деп те аталады. Қазылық «Манас» эпопеясында жиі аталады. Атақты түркітанушы ғалымдар «Қазылық» тауының қазақ жерінде екенін айтады. Ендеше көшпелі қарлықтардың жаз мекені Қарқаралы — Қазылық таулары болған.

Көшпенді қарлықтардың негізгі кәсібі — мал шаруашылығы болып табылады. Олар қой, жылқы, ешкі, сиыр және түйе өсірді. Ірі құйрықты қойлар мен төзімді және жүрдек жылқы өсіру мал шаруашылығында ерекше орын алды. Әсіресе, жылқы еті мен оның сүтінен қымыз ишытып ішу түріктердің сүйіп айналысатын дәстүрлі ісіне айналды.

Қарлықтардың жылқы өсіру шаруашылығының өзіндік ерекшелігі болған. XIII ғасырда түрік-қарлықтарда иласа бойлы, кең арқалы, жіңішке тірсекті тегі аралас жылқы кеңінен тараған. Мұндай шабысқа жылдам, төзімді, әрі онша көп күтімді қажет етпейтін, аласа бойлы жартылай жабайы аттарды түріктер ерте кезден үй жылқыларын таулы далаларға жіберіп, жабайы жылқылармен будандастыру арқылы алғаны мәлім. Кейбір көрші елдер (мысалы арабтар) осындай жылқыларды алдыру үшін қарлықтарға арнаулы экспедиция жабдықтап жіберіп отырған.

Мұндай жылқылардың қаңқасы қарлықтар мекендерінде көптеп кездесетінін қазба жұмыстары анықтады. Қарлық жылқылары жергілікті табиғат жағдайы мен көшпелі жайылымға таптырмайтын аттар болды. Сонымен бірге олардың етті және сүтті болып келуі де тағам ретінде жиі пайдалануға мүмкіндік берді. Төзімділігінің арқасында онымен аңға шығуға, алыс жорыққа аттануға қолайлы болды.

Түркі тілдес халықтардың эпостық мұраларында да жоғарыда айтылған аттар кеңінен орын алды. Мысалы, «Манаста» кездесетін «алабас жорға шұбар ат», Қорқыт ата кітабындағы «Сайрап жүрген қазылық атына мінгейсің», Ә.Науаидегі «атының сұлулығы сұрша құстай» деген жолдар бұл аттардың қаншалықты елге танымал және мадаққа ие болғанын көрсетеді. Осылардың ішіндегі ерекше көрінетіні - «қазылық» аты. Халық аңыз-

жырларында бұл аттар жиі кездеседі. Ал егер қазылық бір кездегі қарлық синонимі болса, онда қарлықтардың аты екені даусыз болып шығады.

Қой өсіру мал шаруашылығының негізгі саласы болды. Түркілердің қой - малдарының ірі, семіз болып келетіні орта ғасырлық жазба деректерде айтылады. Ибн әл-Факих қойлардың құйрығы жерге салбырап тұратынын жазады (88, 168).

Қарлықтардың күнделікті өмірінде қой етінен жасалған тағам негізгі тамағы болды. Сонымен қатар оның жүні, майы әр түрлі қажеттілікке — киіз басуға, киім істеп киюге, ауруға қарсы ем ретінде қолданылды. Қой малынан алынған шикізат өнімі базарға өткізілді. Сауда үшін, әсіресе түрлі-түсті қозы түрлері өте құнды болғаны ертедегі деректерден белгілі.

Қарлықтарда түйе өсіру үй-тұрмыстық қажет үшін жарады. Түйелер өте жай көбейді және олар үшін өте ыстық климат қажет болды. Сондықтан түйе өсіру Сыр бойы мен оңтүстік-батыста оғыздармен көршілес тұрған қарлықтарда орын алды деуге негіз бар. Бірақ қарлықтар түйенің етін тағам ретінде пайдаланбаған.

Мал шаруашылығының негізі ет-сүт өнімдерін және жүн мен түбіт дайындау болды. Жүн киізден жасалатын бұйымдар мен киім, кілем т.б. жасауға пайдаланылды. Мал өнімдері тек қарлық елінің ішкі қажеттілігі мен сұранысын ғана қанағаттандырмай, сонымен бірге сыртқы, отырықшылдықпен айналысатын көрші елдермен сауда қатынасында да маңызды рөл атқарды. Истахри «Қойлар Хорасанға халаждардың, ал ет Мауреннахрға оғыздар мен қарлықтардан қажетті мөлшерден де артық әкелінетінін ортағасырлық араб деректері хабарлайды.

Қарлықтар аң аулау кәсібімен шұғылданған. Олар әсіресе, қымбат терілі аңдарды: құндыз, сусар, бұлғын, тиін, тіпті барыс, жолбарыс аулаған. Ол туралы да орта ғасырлық нарративті деректерде көп айтылады. Аң аулау кәсібі тек шаруашылық пен күнделікті тұрмыс қажетіне сай маңызы болып қана қоймай, соғысқа жаттығу ретінде өскери ісінде де маңызды болғанын айта кету керек. Оны біз «Қорқыт йта кітабында» Қазанбектің өзінің баласы Оразды соғыс өнеріне үйрету үшін аңға алып шыққанынан байқауға болады.

IX ғасырда Иакуби барлық түркілердің көбінесе жабайы құсты жейтінін айтады. Осы ғасырда түріктердің жабайы құстарды қалай аулайтынын әл-Жахиз баяндайды. Түріктер оның айтуы бойынша, жаугершілік заманында да жабайы құсты аулауды кәсіп етеді. Өздерімен бірге құлынды биені ала жүреді. Егер аң аулау сәті түспесе бие қымызымен сусындап, жылқыны сояды. Түріктер ат үстінде жүріп, анды қуады, қандай құсты болса да атады; түріктер жабайы құс еті болмаса басқа тамақпен қанағаттанбайды (129, I, 230-235).

Аңға шығу, аң аулау кәсібі сол кездегі халық эпосында жиі кездеседі. Мұны Марғұлан «Манас» пен «Қорқыт ата кітабын» салыстыра отырып сәтті келтірген. «Қорқыт ата кітабында»:

Жата-жата жан ауырды,

Отыра-отыра тән ауырды.

Кел, бектерім тұралық,

Аңға шығып қызық көрелік.

«Манас» эпосында осыған ұқсас жолдар бар:

Ат семіріп күз болды,

Ер семіріп тұз болды,

Аттанылық жорталық (23, 1971, 110).

Әйтсе де, аң аулау шаруашылығы негізгі шаруашылық түріне жатпай тек қосалқы ғана рөл атқарды. Өзендер мен көлдер жағалауларында қарлықтар балық аулау кәсібімен шұғылданған. Қаған тұратын Хайкам бекінісінің айналасын қоршаған суда балықтың көп болатынын және оны жергілікті тұрғындардың аулайтынын, сонымен қатар, Балқаштың оңтүстігінде тұратын түрік мекендерінде халықтың негізгі азығы балық болғанын әл-Идриси хабарлайды. Балық аулау кәсібі, әсіресе, кедей отбасылар үшін маңызы зор болды.

Қорыта келгенде қарлықтар тұсындағы бұл тарихи- географиялық континумді тек қана екі шаруашылық- мәдени типтің: егіншілікпен айналысушы отырықшылдар мен мал шаруашылығымен айналысушы көшпенділер арасындағы қатынас деп қана қоймай, басқа да шаруашылық типтердің өтпелі формаларын ұштастырған күрделі процестер деп санау қажет. Бір сөзбен айтқанда қарлықтар қоғамында ол кезде жартылай отырықшы, көшпенді, мал, егін, аң мен балық аулау шаруашылық типтері қалыптасты. Мұндай аралас, көшпенді шаруашылықтар типінің өзіндік озық, ұтымды жақтары көп болды. Жартылай көшпелі шаруашылықта бола тұрып, қарлықтар таза отырықшылдықтағы елге қарағанда табиғи ортаның төтенше жағдайларына сәйкес жетілген, мәдени тұрғыдан бейімделген жүйені қалыптастыра алды. Бір жағынан климаттық аридизацияға ұшырау кезінде ирригациялық егін шаруашылығы тоқырауда тұрса, мұндай қиын жағдайда көшпелі мал шаруашылығы мен басқа да шаруашылық түрлері (аң, балық аулау т.б.) табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Көшпелі қарлықтар шаруашылығында қолөнері ерекше орын алды. Алайда, зерттеу еңбектерінде көшпенді түркі халықтары тарихындағы қолөнерінің даму мәселесі толық өз шешімін тапқан жоқ. Қол өнерінің бұл қоғамда жеке сала болып қалыптасуын ғалымдар көбінесе көшпенділер

шаруашылығының отырықшылдыққа карағанда артта қалғандығынан деп, немесе тек Маркстің айтқан ілімі бойынша ғана дәлелдеуге тырысады. Әрине, көшпенді мал шаруашылығымен айналысушылар қысы- жазы малды бағып күтумен уақыттары болмағандықтан қолөнермен шұғылдану мүмкіндігі аз еді. Бірақ қолөнерінің жеке сала ретінде толық бөлініп шыға алмауын біз көшпенділердің отырықшылдармен өзара тығыз байланысынан іздеуіміз керек. Қандай да болсын көшпенділердің өткендегісін алып қарасақ, олар ылғи да отырықшылдықпен, егіншілікпен айналысушылармен көрші отырып немесе олардың арасында мекен етіп, сауда- саттық байланыста болған. Ұлы жібек жолы да осының бұлтартпас айғағы, яғни көшпенділер үшін қолөнері бұйымдарын отырықшы елден алу тиімді болды. Өйткені мал өнімдерін отырықшы елге өткізе отырып, олар керекті еңбек құрал, тұрмыс-мәдениет жабдықтары және басқа да бұйымдарды оп-оңай айырбастап алып отырды. Бұл жағдай Жетісуда қарлықтар үстемдігі кезеңінде өзінің тиімділігімен айқын көрінді. Жетісуда мекендеген Соғды қалаларын қарлықтардың қоршай орналасуы дәстүрге айналған еді. Ертеден жер, егіншілік мәдениетімен айналысушы соғдылар, түркі елі үшін қолөнер бұйымдарымен толық камтамасыз ете алатын бейбіт көрші болып шықты.

Қолөнерінің жеке сала болып бөлініп шықпауының екінші бір себебі: көшпенділердің мал шаруашылығының техникалық жетілдіруді өте аз қажет етуінде. Бұл шаруашылық өте-мөте табиғатпен тікелей байланысты, сол экологиялық жағдаймен үндес, табиғат пен адамның ең бір үйлесімді іс-әрекеті болып табылады. ***Егерде отырықшы- егіншілікпен айналысушылар бір жерде тұрып табиғаттың қолайсыз жақтарымен күрессе, көшпенді, мал шаруашылығымен айналысушылар табиғат жағдайына икемді бола отырып (көшін-қону арқылы), оған нұқсан келтірмей, экологиялық, мәдениеттің озық, үлгісін көрсете алатын дәрежеге жетті.***

Темір кенін өндіруде көшпенділердің ертеден бай тәжірибесі болғаны зерттеулерде талайдан бері мәлім. Қазақстан территориясында қарлықтар күшейіп, үстем болып тұрған кезде ашылған көптеген кен орындары табылған. Олардың, әсіресе, Орталық Қазақстан жерінің оңтүстік-шығысы, яғни қарлықтардың жазғы жайлау мекендерінде екені қазірде анықталған. Мұны қазіргі жер, тау аттары да еске түсіреді. Мысалы, Қарқаралының оңтүстік-шығысындағы: Темірші, Кентау т.б. Кезінде Махмұт Қашғари өзінің сөздігіне темір кені өндірілген жердің атына сәйкес «темурлук» терминін енгізген. Ал қытай деректерінде қарлықтардың бұл тауларды мекендегенін айтып жазғаны белгілі. IX ғасырда өмір сүрген автордың айтуы бойынша, түркілер қару, садақ оқтарын, сауыт жасап, ер-тұрмандарды безендірумен айналысқан. Түркілер өздерінің алғашқы мемлекеті Түрік

қағанатын құрардан бұрын темір кенін жер қойнауынан өндіріп, оған керекті әр түрлі бұйымдар мен қару-жарақтарды жасаушы шебер ретінде танылған. Жазба деректер дулыға мен сауыт кию жауынгер халықтың дәстүріне айналғанын дәлелдейді. Кейінгі кезде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі де осыны көрсетеді. Металл қорыту және оны өңдеу қарлық елінде зергерлік, ұсталық сияқты қолөнер түрлерінің дамуына себеп болды.

Көшпенді қоғамдағы қолөнершілердің бір ерекшелігі олар өз ісінің шебері бола тұрып, мал бағумен де айналысқан. Оған Қазығұрт тауы мен Сыр бойын мекендеген түркілердің (оғыздар мен қарлықтардың) алып ері Салар Қазан туралы Қорқыт ата жырындағы мына бір жолдарды келтіруге болады:

***Жетпіс жеті болатын қандырып,
Су болатын қандырып
Көшемен ұста сеп болсаң,
Сол болаттан қылыш соқтырып ...***

Салар Қазан темір кенін казып, ұста болумен бірге мал бағатын болған (24, 1985, 174).

IX-XI ғасырларда Таласта күміс кеніштері болған. Солардың ең бір ірі кеніші Шалжы қаласы маңында екендігі айтылады. Ол Испиджаб округіне еніп, Тараздан төрт фарсах жерде орналасқан.

Жетісуда қарлықтар үстемдігі кезеңінде борлама жасау ісі өзінің шарықтау шегіне жетті. Бұған Тараз, Испиджаб, Құлан, Талғар және Отырар қалалары маңында жүргізілген археологиялық қазба жұмыс нәтижелері айқын дәлел. Қарастырылып отырған кезеңде құмыралардың көптеген түрлері жасалды. Олардың қабырғалары ертедегі түркі киіздеріне салынатын оюға сәйкес келетін бедерлі өрнектермен әшекейленеді.

Сырдарияның орта ағысы тұсындағы елді мекендер орнынан қарлық-оғыз типіне жататын борламалар табылған. Қазба жұмыстары арқылы Кенже аймағында (Арыстың орта ағысы тұсында, X ғасыр) көшпелі және жартылай көшпелі түркі тайпалары өмір сүргені анықталды.

VIII-X ғасырлардағы қарлық қоғамында алғашқы таптық қатынастардың дамуы болды. Құрамындағы ру-тайпалар және этникалық бірлестіктердің қосылып, ендігі жерде олардың бағынышты болуына байланысты сандық және сапалық өзгерістерге ұшырап отырды. Бұл өзгеріс, әсіресе VIII ғасырдың II жартысында, яғни 760 жылы қарлықтар Жетісуда және Оңтүстік Қазақстанның біраз жерлерінде саяси үстемдікке ие болған соң күшейе түсті.

Қарлықтар бастапқыда үш тайпалы ел болса, Жетісуға келген кезде олардың құрамына Батыс Түрік және Түргеш қағанаттарының ру-тайпалары кірді. Сонымен бірге Қарлық жабғуы иеліктерінде қыпшақтар, қырғыздар, тоғыз-оғыздар т.б. болған.

Қарлықтарда алғашқы мемлекеттік институттардың қалыптасу процесін тездеткен фактор олардың VIII ғасырдың ортасында Ұйғыр қағанатнан бөлініп шығуы болды. Бұдан кейін олар Жетісудағы билікті түргештерден тартып алып, өздерінің елін құрды.

Қарлықтарда дербес, бытыраңқы «жабғулық» - иеліктердің қалыптасуына әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлар VIII ғасырда ақ бар еді. Олар: қарлықтардың Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан территориясына келіп, отырықшы соғды шаруашылық мәдени типімен тығыз қарым-қатынас орнатуы және Ұлы жібек жолдарының бойында орналасуы еді. Мұның өзі қалалардың дамуы мен сан жағынан әсуіне алып келді. Басқа түркі тайпа бірлестіктеріне қарағанда осындай қалалардың қарлықтарда және олардың иеліктерінде көп болуы жабғулардың өзара дербестікке ұмтылуына ықпал етті.

Жалпы қарлықтарда қағандық өкімет болса да мұндай дербес, тәуелсіз иеліктердің болуы Орта Азия мен Қазақстанның әуелгі ортағасырлық тарихындағы өзгешелік деп қарауға болмайды. Орта Азияда ертеден басқарудың удельдік жүйесі басым, яғни мемлекеттің өзі ұсақ иеліктерге бөлініп, бірде бөлшектеніп, бірде басқа иеліктермен бірігіп жаңа бірлестік құра алды. Осы процестердің, негізінен, ортақ бір бағытта: рулық институттар арқылы құрылған бірлестікті территориялық тұрғыдан қалыптасқан мемлекеттік саяси бірлестіктің ығыстырып шығару бағытында жүргенін көруге болады.

Жалпы бұл жерде айта кету керек, дәстүрлі Шығыс елдерінде мемлекеттің қалыптасуы және дамуы Еуропа елдеріне қарағанда басқаша жолмен жүрді. Қарлықтардың заманында түріктер дәстүрлі мемлекеттік институттарға онша мұқтаж бола қойған жоқ. Өйткені оған шаруашылықтың даму ерекшелігі тікелей ықпал етті. Соғды қалаларын қоршаған және оған саяси үстемдік етіп тұрған қарлықтармен олардың аймақтық басшыларының мүддесі қалаларда тұратын қауымдық қоғамдар мүддесімен сәйкес келді. Еуропадағыдай дәстүрлі мемлекеттік жүйе құрылымының болуы бұл қауымдық қоғам дәстүрінің онан әрі эволюциялық дамуына кедергі жасайтын еді. Сондықтан қалыптасқан бұл қалыптар түріктердің ру-тайпалық құрылысымен, соғдылықтардың қауымдық қоғамдарына қайшы

келмей қайта бірін-бірі толықтыра дами берді. Екінші жағынан түріктер мен соғдылардың өзара бейбіт қарым-қатынаста өмір сүруіне де ықпал етті.

Ру-тайпалық бірлестік арқылы құрылған қағандық бірлестікке қарағанда жеке территориялық принциптегі жабғулық дербес иеліктер озық болды. Өйткені жабғулық иелік өндіргіш күштердің барлық категорияларымен тікелей, еркін, дербес байланыста бола отырып, қағандық қоғамға қарағанда бір қадам алға басушылық болып табылады.

VIII-X ғасырларда Жетісу, Сырдария қалалары және Мауреннахр мен Хорасан қалаларының материалдық мәдениетінің көп тұрғыда жақын болуы кездейсоқ емес екендігі белгілі. Мұның өзі бұл жерлерде әр түрлі этникалық топтардың болуына қарамастан бір жүйеден саяси-географиялық тұрғыда қалыптасып келе жатқан алғашқы мемлекеттік құрылыстың пайда болғанын аңғартады.

Қарлықтарда өзіндік мемлекеттік институттарды бар болғандығын араб жазбалары дәлелдейді. Онда: 'Түркістан және түріктер..., бірнеше мемлекеттерге бөлінеді ,олардың ішінде қарлықтар, тоғыз-оғыздар, қимақтар және оғыздар бар. Түріктердің әрбір тайпасының өз алдына мемле бар және олар бір-бірімен соғысып жатады « –деп айтылады (137, I, 149)

Түркі қағанаттарының құрамында болған кезде басқа да ру-тайпалар сияқты қарлықтардың қоғамдық саяси ұйымдары тайпаны құрайтын рулық институттарынан және одан да ірі бірлестіктен - «елден» тұрды. Алайда бұл ірі бірлестік елдің құрамындағы ру-тайпалар үнемі бір-біріне ауысып, кейде тіпті басқа бірлестікті құра алатын еді.

А. Смиттің кезінде айтылған бағалы пікірін еске алған жөн. Ол мал— ертеден жеке меншікке айналғандықтан көшпенділерде мүліктік және әлеуметтік жіктелуі де, қоғамдық саяси институттардың құрылу процестері де тез жүруі мүмкіндігін айтқан болатын. Алайда Еуропада антикалық дәуірден бастап мемлекет қондырма болса, Шығыс елдерінде ол өндірістік қатынастардың субъектісі ретінде базистік құрылымға кірді. Еуропалық елдерде мемлекет үстем тап қоғамының мүддесін қорғады, тіпті болмаған күнде өкіметке ұмтылған таптар арасындағы қозғалысты реттегіш рөл атқарды. Ал Шығыста мемлекет әміршілдік мәнге ие бола тұрып, жеке меншіктің өзін де бақылап отырады. Мемлекет және осы өкіметке қатысты әлеуметтік үстем етуші топ Шығыс елдерінде өзара бірігіп, бір-біріне сіңіп біте қайнасып кетті. Сонда мемлекет жеке меншіктің шектен тыс байып кетуіне тыйым салып отырды. Өйткені жеке меншіктің күшеюі мемлекет қазынасын толтырып отыратын қоғамның басқа әлеуметтік топтарын күйзелтумен қатар жүретін еді.

Әрине, қарлықтар біз қарастырып отырған кезеңде мемлекеттің классикалық түрін, әлеуметтік саяси ішкі құрылысы бар күшті әскери өкімет құра алған жоқ. Орта ғасырлық деректерде қарлықтардың жабғу басқарған бірнеше тәуелсіз иеліктері болды.

Қарахандар мемлекеті құрылғанға дейінгі бұл кезең дала аристократиясы мен демократиялық элементтері арасындағы ұзаққа созылған күреске толы. Бұл кезеңнің соншалықты созылуының тағы бір себебі: араб басқыншылығы, қытай экспансиясы және көршілес түркі ру-тайпа бірлестіктерімен күресу болды. Қарлық иеліктерін ерте феодалдық мемлекет қол астына біріктіру үшін күресуді 840 жылы Білге Күл Қадыр хан Испиджаб әмірі болып тұрған кезде «жабғу» атағын тастап, өзін «қаған» деп жариялаудан көреміз.

Қарлықтарда ерте феодалдық, бір орталыққа бағынған мемлекеттің пайда бола бастағандығын араб шығармалары айқын көрсетеді: «Хакандардың хаканы солардан (қарлықтардан) болды, ол түріктердің басқа мемлекеттерін және олардың патшаларын өз қол астына бағындырды ... Шана (яғни Ашина) да солардан (қарлықтардан) болдың (26,1, 288). Бұл деректен қарлықтар қоғамында ендігі жерде жабғудың үстінен қарайтын хакан болғанын көрсетуге болады. Мұндай саяси басқару жүйесі 840 жылғы жорық нәтижесінде Испиджаб халифатқа бағынса да бұзылған жоқ. Испиджаб аймағын бұрынғысынша түрік әулеті басқарды. Ал оның билеушісі арабтарға тек сөз жүзінде бағынды. Халифатқа жыл сайын тәуелділікті білдіретін төрт дәнек пен сыпырғыш жіберіп отырды. Ал Испиджаб өмірінің өзіне Талас пен Шу аралығындағы Орду қаласының әмірі бұрынғысынша сыйлық жөнелтіп тұрды. Жалпы қарлықтарда 766 жылы (Жетісуда үстемдікке ие болған) кезеңінен басталған мемлекеттің қалыптасуы 840 жылы Білге Күл Қадыр өзін қаған деп жариялауымен аяқталды.

Түрік қағанаты қарлықтар бөлініп шығар кезде әскери демократияға негізделген саяси өкіметті басқарудағы әлеуметтік сатылар: қаған (немесе хан) ел басқарған ал онымен бірге ақылшы жырау тұрған. Қағаннан кейінгі адам «жабғу» (бас уәзір), ал хан мұрагері- «тегін».

Ерте ортағасырлық түркі жұртында, оның әлеуметтік өмірінде, мемлекеттік жүйеде бектердің үш тобы ерекше бағаланады. Олар дана ғалымдар, зиялылар, екінші тобына хат танитын және мемлекеттік іске белсене араласып қызмет етуші хатшылар, ал үшінші - елді жаудан қорғайтын батырлар болып табылады. Бұл үш әлеуметтік топтың түркі елі өмірінде осындай маңызды рөл атқаратынын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінің» 2704 бәйітінен көреміз:

*Бірі - дана, ғалымдар, зейінділер,
Бірі - хатшы білсін дер кейінгілер.
ішіншісі - жүректі ер, батырлары»
Жау десе, жайдай жайнар жасындары «.
Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса,
Қалған жұртты үйіріп, қоңсыға алса ... (27, 274).*

Қарлық қалаларының билеушісі әр түрлі аталады. Мысалы: күгегін-лабан, тексін, тебін-Барсхан, ялан шах, йинал-тегін.

Қарлықтардың әлеуметтік өмірінде құл еңбегі де пайдаланылды. Алайда, құл еңбегі экстенсивті мал шаруашылығы кезінде тиімді болмады. Сондықтан да ол өндіргіш күштің негізі бола алмай, тек үй-тұрмыс шаруашылығында ғана пайдаланылды. Құлдардың пайда болуының қайнар көзі шапқыншылық, соғыс жорықтары болды. Құлдардың екінші бір пайда болу жолы ерікті қауымның жіктелу процесі барысында мүмкін болды. Оларды ру-тайпаны билеуші бек не болмаса жабғу жазалап, тіпті қуып та жібере алған.

Жоғарыда келтірілген тарихи материалдардан басқа түркі тілдес саяси бірлестіктер сияқты қарлықтар қоғамында да еркін қауымдар арасында әлеуметтік жіктелу процесінің жүргенін көреміз. Нәтижесінде, бұл қоғамда патриархалдық-феодалдық институттардың дамуын байқауға болады. Ең жоғарғы иерархиялық сатыда, негізінен қарлық жабғуы болды. Ал кейіннен, қарлықтар ру-тайпалары құрған Қарахандар мемлекетінің пайда болуына байланысты патриархалдық-иерархиялық пирамиданың үстіне хан отырды.

Қала өркениеті мен сауда

Қарлықтар тұсындағы әуелгі орта ғасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктердің қайнар көзі, бір сөзбен айтқанда, қалалардың дала көшпенділері мен жер өңдеушілікпен айналысатын оазистік аймақтардағы отырықшылықпен тікелей байланысатын жерінде орналасуында болды.

Қарлықтардың бір ірі қаласы Тальхиз немесе қазіргі аты бойынша Талғар. «Худуд ал-алам» шығармасында ол шігілдер мен қарлықтар арасындағы тау ішінде орналасқан. Тальхиз бен Талғардың бір екендігі ғылыми әдебиеттерде дәлелденген. Бұл қала Іле жазығында түркілердің экономикалық, саяси және мәдени орталығы болып, әсіресе, IX-XII ғасырларда өзінің гүлдену шегіне жеткен. Қаланың дамуына оның Шығыс пен Батысты байланыстыратын керуен жолдарының үстінде жатуы бірден-бір әсер еткен фактор болды.

Қарлықтар Оғырар оазисіндегі қалаларда да мекен етті. Олардың бұл аймақта күшеюі VIII-X ғасырға жатады. Осы кезеңдегі маңызды ескерткішке Құйрықтөбе жатады. Қаланың ірге тасын қазу кезінде қарлық дәуіріне жататын бірнеше тамаша ескерткіштер табылды. Солардың бірі қаланың ішкі камалынан табылған оюлы өрнекпен салынған сюжеттері бар ағаштар. Мұндағы сюжеттер ішкі камал өмірінен хабар береді. Мысалы, бірінде «құда түсу» бейнеленген. Ондағы екі адамның бірі - әйел, ал екіншісі - еркек. Еркекке көне түріктер тас балбалдар пішіні тәрізді шапан кигізген. Екеуі де ауқатты от басынан шыққаны көрініп тұр. Келесі бір ағашқа салынған суретте қамалды қоршау және оны қорғау бейнеленген. Қорғаушылар қамал қабырғасынан жауларын садақпен атып жатыр. Композицияның орта тұсында жоғары көтерген қолдардың алақанында күн мен ай бар құдай бейнесі түсірілген. Бұдан сюжеттің мифологиямен астарлас екені байқалады (31, 1988, 86-87).

IX ғасырда Отырардағы қарлық патшасы арабтарға алым төлемегені үшін арабтардың Отырар облысын өздеріне қаратпақшы болып шабуыл жасағандарын және қарлық жабғуының ұлы мен әйелін тұтқындап кеткенін хабарлайды. Жоғарыда келтірілген ағаш суреттерде қарлықтар тарихында болған осы оқиғалардың бейнелену мүмкіндігі зор.

«Отырар-төбенің» көлемі 200 гектарға жуық. VI-VIII ғасырларда Отырар облысы ірі орталық бола отырып, көршілес мемлекеттердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Осы өңірде табылған теңгенің бет жағында түркілердің ру таңбасы, ал екінші жағында Шаш эмблемасы — арыстан бейнеленген. Теңгенің өзі мыстан жасалғандықтан ол жергілікті рөл атқарғандығын айту керек. Әуелгі орта ғасырда мыс теңгесі шет елдерде айналымға жүре алмай өзінің сатып алу қабілетін тез жоятын. Сондықтан Отырар теңгесі жергілікті жердегі екі халықтың түркі және соғдыларға арналғандығын немесе жергілікті басқарушының түрік билеушісімен туысқан екендігін көрсететін болуы керек. Араб деректерінде Отырар билеушісін бекер «Отырар-бенд патшасы» деп атамаған. Бұл теңге VII ғасырда немесе VIII ғасырдың бірінші жартысында жасалған деп топшылауда негіз бар. Өйткені, VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орта Азиядағы барлық елдерде теңге шығару халифат үлгісіне көшеді.

Қарлықтардың оңтүстік батысындағы ірі қалалары: Тараз (Жамбыл облысы) бен Испиджаб (Сайрам) болды. Тараз кезінде Батыс Түрік қағанатының құрамында болып, кейін түргештер қаласы ретінде саналды. Археологиялық мәліметтер бойынша қаланың шахристан көлемі солтүстікте 370 м, батыста 160 м, ал оңтүстікте 200 м дейін созылған. Тараздың өрлеуі негізінен IX-X ғасырларға жатады. Егер VII ғасырдың ортасында Тараздың

ауданы 2.7 шақырым болса, IX ғасырға қарай ол екі есе ұлғайған. Қаланың өсуі оның аймағының дамуымен тығыз байланысты болды. Тараз округі бірнеше кішігірім қалалар мен қоныстардан тұрды.

Тараз округіндегі қалаларды, олардың даму ерекшеліктері мен шаруашылығына қарай екі топқа бөлуге болады. Солтүстік-батыс бөлігіндегі қалалар, негізінен жер өңдеу, қолөнері және сауда арқылы дамыса, оңтүстік-шығыс жақтағы қалаларда кен, жер қазба байлықтарын өндіру негізгі шаруашылық түріне айналған. Атлах, Хамукет, Шігіл туралы ортағасырлық деректер сипаттама бергенде: базар, бақ, жүзім өсіру сияқты шаруашылық жайы айтылса, Текабкет, Жұл, Сүс, Шелжі жөнінде олардың тауға жақын тұратыны және кен өндірілетіні көрсетіледі.

Қарастырылып отырған кезеңдегі ірі қалаларға ортақ үлгіні біз Әл-Махдисидің Испиджаб қаласын сипаттағанынан көреміз. «Оның рабады мен ел тұратын меинасы бар. Онда (меинада) төбесі жабық базарлар, мақта базары, үлкен мешіт бар. Оның (меинаның) төрт қақпасы: Нуджакет, Фархан, Шакрана, Бұхара деп аталады және әр қақпаның жанында рабады бар. Рабаттар: нахшебтіктер рабады, бұқаралықтар рабады, самархандықтар рабады, Қаратегін рабады ... Онда (қалада) 1700 рабад бар деседі. Оның рабадын айнала дуал, ал өзінің ішінде бос қалған ішкі қамал бар ... Қала таза, өмірі жайлы (51, 80-81).

Испиджабта мұндай көршілес қалалардың аттары бар бірнеше қақпалардың болуы оның іргелес жатқан облыстармен тығыз сауда, мәдени және саяси байланыстардың болғанын көрсетеді.

Тараз округінің бір елді мекені — Шігіл қалашығы. Әл-Макдисидің сипаттауынша, *«Шігіл — Тараздан кісі айкайы естілетін жерде орналасқан кішігірім елді мекен»*. А.Н.Бернштам мұны Қош-төбе қалашығымен сәйкестендірді. Ал Г.И.Пацевич және Т.Н.Сенигова Шігілді Тараздан бір жарым километрдей қашықтықтағы Жалпақ төбе деп түсіндіреді. Қарлықтар құрамындағы үлкен бір тайпа шігілдер атымен аталғаны мәлім.

Түрік көлінің (қазіргі Ыстықкөл) оңтүстік жағалауында Жоғарғы Барсхан қаласы орналасқап. Бұл өңірде қарлықтардың шігілдер тайпасы тұрғанын ортағасырлық деректер айтады (34, VIII, 51).

Қарлық дәуіріндегі осындай ұсақ қалалардың бір шоқ тобы Ыстықкөлдің батысы, оңтүстігі және шығысында орналасқан. Олардың ішінде батыстағы Маргелан, шығысындағы Төменгі Барсхан және оңтүстіктегі Ат-Баш ауданындағы қала қалдықтары көзге тұтылар еді. Әсіресе Нарын өзеніне құятын Атбаш және Арпа салалары арасында қарлықтар мекендері өте жиі кездеседі. Содардың ішіндегі үлкені

Ширдакбек. Сонымен қатар Жөргетал мен Казарман жанындағы Чалдывар да қарлық қорғандары болып табылады.

Қарлықтардың оңтүстігі мен Ыстықкөлдің батысында отырықшылдықтағы мекендермен қатар жайылымдық тұрақтары да аз емес еді. Оған Қызарт, Қошқар және Жуан-Арық сияқты мекендерді айтуға болады. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мазарлар мен заттар бұл жерлердің қарлық көшпелілері үшін өте маңызды бір аудан болғанын айғақ етеді.

Көшпелі қарлықтар мекендеген жердегі Нүзкет қаласы да Қайынданың шығысында, Кара-Балты суының жанында орналасқан. Бұл қала мұсылман географияшыларының еңбектерінде көрсетілгендей қарлық қаласы — Нүзкетпен сәйкестендіріледі. Қала жанында су бассейндері мен канал жүйелерінің салынуы және қарлық керамикаларының табылуы, мұнда отырықшы шаруашылықтардың кеңінен жүргізілгендігін байқатады.

Шу жазығының Таразға кететін жолдары бар, батысында орналасқан Ашпара қаласы қытай деректерінде А-ши-пу-лай, мұсылман географиясында Аспара аталатын. Шу өзенінің Аспара саласы жиегіндегі бұл қала түргештер дәуірінде көтеріліп, қарлықтар кезеңінде өзінің гүлдену шегіне жеткен. Соңғы дәуірге жататын керамикалар мен басқа да қазба бұйымдар Баласағұнда табылған заттармен ұқсастығы байқалады.

Аспара қаласының шығысында, Жарлы-Қайың маңында Қайыңда қалашығы да қарлық дәуіріне жатады. Жан-жағы су толтырылған каналдармен қоршалған. Оңтүстік-шығыс жағында су бассейнінің орны бар. Қаланың ішкі қамалының үлкендігі 60x190 м.

Қазба жұмыстарында қарлық дәуіріне жататын балшықтан жасалған ыдыстар мен құмыралар табылған. Қала VII-X ғасырларға жатады.

Қарлықтардың бір шоқ қалашықтарының орналасқан жері Пішпектен Алматыға барар жол маңайы, Аламедин өзені жиектері болып табылады. Олардың ішіндегі ең үлкені Чумыш мекені болып, үлкенді-кішілі төрт қалашықтың орны табылған. Бұлардың барлығы да қарлықтар билік еткен дәуірге жатады. Қалашықтардың бір ерекшелігі өте дәлдікпен төрт бұрышты болып салынуы. IX ғасырда ірге көтерген бұл қалалар XII ғасырға дейін өмір сүрген.

Қарлықтар арқылы өтетін сауда жолдары Қара-Балты және Ақсу өзендері арасындағы бірнеше керуен-сарайларға тірелген. Бұл жерлерде бірнеше кішкене қалашықтардың болғанын олардың бұзылған қалдықтары дәлелдейді. Олардың ішіндегі ең үлкені қазіргі Полтавкаға жақын орналасқаны болып есептеледі. Мұнда адамдардың аттарымен көмілуі және көшпенділер мазарының табылуы, ол мекендердің қарлықтардан бұрын да,

яғни Түрік қағанаты кезінде болғанын аян етеді. Сол сияқты Ақсу мен Соқулук өзендері арасында да бірнеше ұсақ мекендер қалдықтары керуен жолында орналасқан және қарлықтар дәуіріне сәйкес келеді.

Қалалардың ішкі құрылысының қалыптасуына көптеген әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси факторлар ықпал етіп отырды. Жалпы сол кездегі қалалардың ішкі құрылысын Тальхиз қаласын мысалға ала отырып, көруге болады. Қаланың орналасқан жері шаршы тәріздес, орталық түсі биік алаңқай болып келеді. Жалпы алып жатқан көлемі 28 га, оның 9-ын орталығы алып жатыр.

Қаланың қолайлы жерге орналасқанын байқаймыз. Батыс жағынан қала тұрғындарына қажетті сумен қамтамасыз ететін өзен, оңтүстігінде қоршаған тау жауды бақылайтын күзет қоюға мүмкіндік берді. Ал солтүстік пен шығыста егістік және жайылым бар. Тальхиз, сонымен қатар жергілікті және халықаралық маңызы бар сауда керуендерінің торабында орналасқан еді. Қала өз ішінде тік, тура көшелермен квартал торларын жасай отырып әр кварталдың өзі 12-14 үй-жайдан тұрады, бір-бірімен ұсақ көшелер арқылы қатынасты. Әр кварталда туысқандық байланыстағы адамдар отбасыларынан тұрды деген көзқарас бар (203, 324-325).

Әрбір үй-жайдың өзі тұрғын үй және мал қора жайы болып бөлінеді. Мал жай қораларының есіктерінің бағыты оңтүстік жаққа қарады. Мұның өзі квартал аралық көшелер арқылы малды суаруға, жаюға шығаруға қолайлы жағдай жасады. Қатты қыс кезінде де үй кварталдарының тұрғындарына суық онша сезілмейтін. Өйткені суық жел тар көшелер мен биік қабырғалар арқылы квартал ішіне өте алмайтын еді.

Қоныстардың қала болып қалыптасып, статус алуына діннің ықпалы зор болды. VIII ғасырдың II жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда билікті қолға алған қарлықтарға ислам ықпалы басқа түрік ру-тайпалары бірлестігіне қарағанда басым болды. Бірақ мұны қарлықтардың барлығына айтуға болмайды. Ал ислам дінін қабылдағанда қала құрылысының міндетті бір бөлігі — мешіт салу болды. Ірі мешіттің біріне Баласағұн қаласындағы X-XI ғасырға жататын күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді айтуға болады. Сонымен бірге, исламға енген қалаларда қоғамдық моншалар мен қабір-мавзолейлер салынды.

Қарастырып отырған уақытта қалаларда этникалық процестер жедел жүріп жатты. Қала тұрғындарының түркіленуі күшейді. М.Қашғари, Баласағұн, Испиджабпен Отырардағы соғдылардың түркіленіп кеткенін, солардың әдет-ғұрпын қабылдағандықтарын айтып жазды.

Қала этникалық процестерінде автохтондық тұрғындардың тілдік ассимиляциялануы ерекше орын алды. Түркі тілдес халықтардың Оңтүстік

Қазақстан мен Жетісу өлкесінде билік орнатуы бұрынғы жергілікті тұрғындардың, әсіресе, соғдылардың түркі тілімен ассимиляциялану процесі жүрді. Бірақ бұл процесс біркелкі және барлық жерді түгел қамти алмады. Өйткені басқыншылар өздері басып алған өлкенің бұрынғы өндірістік әдісіне тиіспей, тек салық алумен шектелген жағдайда жергілікті тілдің ассимиляциялануы тежеліп отырды.

Көшпелі қарлықтардың өмірінде өздеріне тәуелді қалалардың мәдениеті маңызды рөл атқарды. VIII-IX ғасырлардағы Тараз қаласын зерттеу материалдары оның өзіндік экономикасы мен мәдениеті бар Шаш және Соғды қалаларымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Деректерде 630 жылы Таразда көптеген елдердің саудагерлері тұрады, оның қабырғасынан арабша, парсыша және түркіше сөздер естіліп жатады деп айтылуы, ол қала тұрғындарының этникалық тұрғыдан біркелкі еместігін байқатады.

Оның үстіне археологиялық қазба жұмыстары арқылы табылған Соғды борламалары мен теңгедегі Соғды жазулары да қарлықтар мен соғдылардың аралас тұрғанын көрсетеді. Түркі-қарлықтардың қалаларының архитектурасында Соғды мәдениетінің ықпалы зор болды. Олардың суретшілері түрік ақсүйектері мен шонжарларының өтініші арқылы қала құрылысының қабырғаларын безендіріп отырды. Әсіресе, соғдыларда әр түрлі жазу-сызу, әшекеймен ою-өрнек салу ерекше орын алды.

Қарлықтар мәдениетінің оның ішінде қолөнерінің, керісінше соғдыларға тигізген ықпалы аз болған жоқ. Оны қолөнер бұйымдарынан көруге болады. Мысалы, Таразда VIII-X ғасырда кеңінен тараған құс тәрізді құмыралар кейіннен соғдыларға тарағаны анықталды.

Қалалардың өсуіне көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етті. Олардың ең бастылары: Ұлы жібек жолына байланысты сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету көшпенділер мен отырықшылар іргелес отырған жерлердегі шаруашылық пен саяси қарым-қатынас және діни орталықтардың пайда болуы т.б. Бұл факторлар сол территорияларда қоныстанған барлық түркі тектес халықтарға тән болса да, оның ішінде, әсіресе, қарлықтар конфедерациясы үшін ерекше маңызы болды. Шынында да олар тарихи жағырапиялық жағдайына сәйкес басқа түркі тектес тайпаларға қарағанда, отырықшы-егіншілікпен айналысушылармен тікелей көршілес, тіпті аралас, орналасты. Ал Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңіріндегі Ұлы жібек жолының дені осы қарлықтар үстінен өтетін. Сонымен қатар ислам дінінің ішкерілеп енуінің күшеюі нақ осы қарлықтар үстемдігі заманына сәйкес келді. Қарлықтардың бір бөлігі VIII ғасырдың ортасында-ақ исламды қабылдаған еді.

Зерттеуші қазақстандық ғалымдар арасында қалыптасқан көзқарас бойынша, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар салыну, даму ерекшеліктеріне қарай үш аймаққа бөлінеді. Қазақстанның оңтүстігін жайлаған қарлықтар қаласының ерекшеліктері Отырар оазисіндегі қалалар (мысылы, Баба ата мен Құйрықтөбе мекендері) орындарын зерттеуде байқалады. Ол қалалар мынадай бөліктерден: билеуші ақсүйектер тұратын қамал, одан кейін шахристаннан, ал оның сыртында қолөнершілер мен саудагерлер тұратын рабаттардан тұрады.

Оңтүстік-батыс Жетісудағы өзгешелік — қамал мен шахристаннан кейін қаланы қоршаған жер учаскелерінің болуы. Мұндай ерекшелік қазіргі Жамбыл облысы жерінде табылған қалалардан жиі кездеседі. Іле бойындағы қалалар жартылай көшпелі қарлықтардың қыстайтын жұртына, оның ішінде ауқатты ақсүйектер тобының қоныстарында қалыптасып, қала айналасы ұзын, бұрышты дуалдармен қоршалды. Бұған Қойлық, Талхыз (Талғар) т.б. қалалар жатады.

Ұлытау, Орталық Қазақстан мен Шаш және Тараздың экономикалық байланыстарын металдан істелген қару-жарақтардың таралуынан да көреміз. Мысалы, темірден, қоладан жасалған садақ оқтарының ұштары Ұлытау, Сарысу өзені бойы, Бетпақала мәдени қабаттарынан табылған. Жезқазған кен орындарында оқтардың ұшын дайындайтын болған. Әдемі оқтар мен садақтардың Шаш пен Тараздан кездесетінін Фердоуси өзінің «Шахнамасында» жазды. Мұндай оқтарды дайындайтын орталық кезінде Сығанақ болған. Егер Сығанақ Шаш пен Таразды қамтамасыз етсе, Сығанақты темірмен жабдықтап тұрған Орталық Қазақстандағы кен орындары болуы керек.

Қарлықтар тұсындағы қалалардың дамуына көшпенділердің ықпалы зор болды. Қала құрылысы мал шаруашылығы мен айналысуға қолайлы мүмкіндік туғызатын ыңғайда жүргізілді. Оған мысал ретінде жоғарыда келтірілген Талхыз қаласын айтуға болады. Мұның өзі жер өңдеу мен мал шаруашылығын қатар жүргізуге, ал соның арқасында қолөнерінің де ұлғайып, өсуін қамтамасыз етті. Қалаларды осындай кешендік шаруашылықтардың бір-бірімен тығыз байланыста, бірін-бірі жетілдіру бағытында дамуы олардың географиялық шектерінің өсуіне және қала айналасында берік экономикалық және мәдени аймақтарының қалыптасуына алып келді.

Сол сияқты қарлықтардың маңызды екі өлкесі — Шу бассейні мен Талас жазығындағы мәдени-шаруашылық комплекстің қалыптасуынан ислам мен қарлық көшпелілері мәдениеті арасындағы байланысын және олардың өзара қатынасының нәтижесін көреміз. «Қарлық қақпасы» болып есептелетін Тараздың исламның бір орталығына айналуы оны Батыс Түркістанмен тығыз байланыстыра тұрса да, екі қарлық өлкесі арасында, яғни Шу мен Талас

бойында біртұтас мәдени-шаруашылық типі қалыптаса алды. Бұл әуелгі ортағасырлық Орталық Азия қалаларының дамуындағы ерекше бағыт еді. Мұндай даму кейін Қарахандар мемлекетінің тұсында өзінің шарықтау шегіне жетті.

Көшпенді қарлықтардың қалаларға қоныстана бастауы үлкен қалалардың дамуына және жергілікті отырықшы халықтың шаруашылығына әсерін тигізді. Қалалар маңында өңделген жерлердің ұлғаюы, қолөнердің дамуы жалпы әлеуметтік жіктелу процесіне ықпал етті.

Қалалардың осындай дәрежеде дамуы саудаға зор ықпалын тигізді. Сонымен бірге бұл жерлерде бұрыннан қалыптасып қалған Ұлы жібек жолы бар еді. VIII-X ғасырларда Ұлы жібек жолының одан әрі өркендеуінде қарлықтардың рөлі орасан зор болды. Оған қарлықтардың алып жатқан ұлан байтақ территориясы да қағанатқа бұл мәселеде зор міндеткерлік жүктеді. Егер VII ғасырға дейін Қытай мен Батыс елдерінің арасын жалғастыратын жол Қашғар — Ферғана арқылы өтсе, VII ғасырдан бастап, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу үстімен жүрді. Өйткені бұл кезде Ферғана өңіріндегі саяси жағдайлар керуен жолдары үшін қолайсыз еді.

Керісінше, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды мекендеген қарлықтар сауда жолының сақталуына және оның одан әрі дамуына барынша мүдделі болды. Өйткені бұл жерлер отырықшылар мен көшпенділердің қалың түйіскен аймағында орналасқан еді.

Бұл жолдың маңызының арта түсуіне түркі қағандары ордаларының жиі орналасқаны да ықпал етті. Олар сауданың өз территориясымен жүргеніне мүдделі болды. Деректерде сауда жолының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қарлықтар қарулы отрядпен керуендерді өз жерлерінен шығарып салып отырғандары айтылады (43а, I, 355).

Ұлы жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бөлігіндегі, яғни, қарлықтар мекендеген территориядағы негізгі салалары: Шаш-Испиджаб-Тараз барып, одан әрі оңтүстікке қарай Төменгі Барсхан-Қасрабас-Құлан- Меркеге өтіп, Жоғарғы Барсхан арқылы Шығыс Түркістанға бағытталды.

Қарлықтардың ірі сауда орталығы Испиджаб қаласы болды. Шығыс елдерінің барлық саудагерлері осы қалаға келіп түйісетін. Бұл қала феодалдарының саудаға деген мүддесін арттырып, олар ірі базары бар рабад салды. Қаратегін әмірші болып тұрған кезде бұл базардан айына 7 мың диргем пайда түсіп отырды. Мұндай рабадтар қарлықтардың басқа бір қаласы Меркеде де салынды.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін сауда жолының одан әрі өркендеуіне ислам дінінің зор ықпалы болды. Олар өз қаражаттарын базарлар мен олардың мекемелерін көбейтуге жұмсап отырды.

Қарлықтардың көшпелі бөлігінде сауданың еркін дамуына сол кездегі түркілердің қонақжайлығы, меймандостығы көп септігін тигізді. Өйткені түркілер саудагерлерді ерекше күтіп қарсы алатын және осы арқылы сол саудагерлер еліне барғанда өздері сондай мүмкіндіктер алуына құқылы болды.

Қарлықтардың саудасында жылқының маңызы үлкен болды. Жабайы тұқыммен будандастырылған бұл жылқылар, төзімділігі жағынан аңға, жорыққа шығуға теңдесі жоқ болып шықты. Қарлықтарда жылқы сатудың кеңінен таралғаны соншалық, олар саудагерлердің өзін оңай алдап кете алатын дәрежеге жеткен.

Қарлық құрамындағы ірі тайпалар: ягма, тухси, шігілдерде аңшылықпен айналысушылар көп болды. Сондықтан олар саудаға мал өнімдерімен қатар бағалы аң терілерін шығарып отырды.

Қарастырылып отырған кезеңде Орталық Азияда құл саудасы кеңінен тараған. Құлдыққа көбінесе жорықтар мен шапқыншылықтарда қолға түскен тұтқындар айналдырылды. *«Олар тағыз да келіп Самдун мекен-жайын тонады, мұсылмандарды тұтқындап әкетті»* — десе, Гардизи қырғыздардың гуздарға шабуыл жасап, тонап, кісілерін өлтіріп, ал аман қалғандарын құлдыққа сатып жібергенін хабарлайды. Әл-Жахиз Қарлықтың бір адамын тұтқын-дапқалай қолма-қол сатып жібергенін әшімелейді. Құлдыққа түркі әйелдері де түсіп отырған. Фирдоусидің атақты «Шахнамесінде» қарлықтардың Тараз қаласынан әкелген әдемі түрік қыздары туралы айтылады. Бұған бір дәлел ретінде IX-X ғасырларда Бағдат халифаттарының әйелдері көбінесе түрік әйелдерінен екенін айта кету орынды.

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде қарлықтар Орталық Азияда Ұлы жібек жолының маңызды торабында орналасып, дүниежүзілік өркениетпен тығыз байланыста болды. Мұның өзі отырықшылар мен көшпенділер дүниесінің бір-біріне тигізген ықпалы арқылы ғана мүмкін бола алды.

Сатай Сыздықов, *түркітанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор*